

ҚАЙСАР РУХТЫ ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Президент бейбіт күннің батырларына шынайы ризашылығын білдіріп, азаматтық қорғау саласының еліміз үшін стратегиялық маңызы ерекше екенін атап өтті.

— Конституциямыздың алғашқы бабында «Адам және адамның өмірі — мемлекеттің ең қымбат қазынасы» екені анық көрсетілген. Азаматтық қорғау саласының әр қызметкері ел қауіпсіздігі және азаматтарымыздың амандығы үшін қажырлы еңбек етуде. Шын мәнінде, құтқарушы болу — кез

келген төтенше жағдайға дайын тұру, ешқандай қауіп-қатерге қарамастан адам өміріне араша түсу деген сөз. Бұл — әрине, өте абыройлы іс, жауапты қызмет. Халқымыз өздеріңіз сияқты батыл, ержүрек және ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтарды әрдайым мактан тұтады. Сіздердің адал

қызметтеріңіз — өскелең ұрпақ үшін өте жақсы үлгі-өнеге, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент кейінгі жылдары еліміз бастан өткерген табиғи апаттардың ең ауыр салмағы құтқарушыларға түскенін айтты.

— Былтыр алапат су тасқыны кезінде сіздер жұртты қауіпсіз жерге көшіріп, апаттан аман алып қалдыңыздар. Қостанайда, Семейде және басқа да аймақтарда болған орман өртіне қарсы тұрып, тілсіз жаумен күрестіңіздер. Төтенше жағдай болған аймақтарға өзім де арнайы бардым. Ерлікке бергісіз нағыз еңбекті өз көзіммен көрдім. Сондықтан азаматтық қорғау саласы мамандарының кәсіби шеберлігі және табанды еңбегінің арқасында біз бір ел болып барлық қиындықты еңсердік деп толық сеніммен айтуға болады. Жалпы, құтқарушыларымыз соңғы 5 жылда 225 мыңға жуық адамның өмірін сақтап қалды. Сондай-ақ шетелдегі гуманитарлық миссияларға қатысып, кәсіби деңгейі жоғары озық маман екенін дәлелдеді. Сол арқылы еліміздің халықаралық беделін арттыруға атсалысты. Осы орайда бүгін мен еліміздегі барлық құтқарушыларға тағы да зор алғысымды айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) Бас хатшысы Серхио Мухиканы қабылдады.

БІРЛЕСКЕН ІСТЕРДІҢ БАҒЫТЫ АЙҚЫНДАЛДЫ



Президент мейманға ілтипат білдіріп, Халықаралық стандарттау ұйымы жаһандық сауда, инновация мен орнықты дамудың негізін қалыптастыратын беделді институт екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның ISO-мен бірге цифрлық трансформация, орнықты даму және цифрландыру секілді салаларда бірлескен жобаларды іске асыруға әлеуеті мол екенін жеткізді.

Бас хатшы Серхио Мухика ұлттық стандарттау жүйесі мен цифрлық технологияны дамыту бағытындағы Қазақстанның күш-жігерін жоғары бағалап, еліміздің ұйым қызметіне белсенді қатысатынын және халықаралық стандарттарды енгізуге әзір екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серхио Мухика табысты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және бірлескен жұмыстардың жаңа бағыттарын дамытуға өзара ниет танытты.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

Үнзила ШАПАҚ,
Мәжіліс депутаты,
«АМАНАТ»
партиясы
фракциясының
мүшесі:



ҚЫЛМЫСТЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕГЕ КЕЛІП ТІРЕЛЕДІ

Мысалы, ішкі істер органдары құқықбұзушылық жасаған адамды тіркеп, бақылауға алуы мүмкін, бірақ оның әлеуметтік жағдайы, отбасылық мәселесі немесе психологиялық күйі басқа құрылымдардың назарынан тыс қалады. Мұндай жағдайда адамды жазалау жағы қарастырылғанымен, оны қоғамға қайта бейімдеу тұрғысынан келгенде қол қусырып қаламыз.

→ 5

ҚАУІПКЕ ҚАРСЫ ТҰРҒАН ҚАҺАРМАНДАР

Елімізде жыл сайын 19 қазанда Төтенше жағдайлар қызметкерлері күні атап өтіледі. Бұл – күн-түн демей, қауіп пен қатерге қарсы тұрып, адам өмірін құтқарып жүрген жандардың ерлігіне бас иетін ерекше сәт. Құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің жұмысын жай ғана мамандық ретінде бағалау жеткіліксіз.

→ 13



ӨМІР САЛТЫН ӨЗГЕРТЕТІН ГАДЖЕТТЕР



Табиғатты сүйетін жандар үшін жаңа смарт құрылғы ойлап табылды. Birdbuddy деп аталатын бұл инновациялық өнім құстар мен жәндіктердің өмірін бақылауға зор мүмкіндік береді. Сырттай гүлге ұқсайтын құрылғының ішінде жоғары технологиялық камера мен жасанды интеллект жүйесі жасырылған.

→ 16

АҚОРДА

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ҚАЙСАР РУХТЫ ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет азаматтық қорғау саласын күшейте түсуге баса мән беретінін айтты.

— Осыдан бес жыл бұрын Төтенше жағдайлар министрлігі қайта құрылды, ал осы салаға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы екі жарым есе көбейді. Бір сөзбен, нақты және тиімді шаралар қабылдана бастады. Атап айтқанда, 1700-ден астам арнайы техника алынды. 42 өрт сөндіру депосы және құтқару станциясы салынды. Аудандық төтенше жағдай бөлімшелері заман талабына сай жаңғыртыла бастады. Құтқарушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жұмысы да басты назарда. Соңғы екі жыл ішінде сала мамандарының еңбекақысы 77 пайызға өсті, енді оларға арнайы үстемеақы төленетін болды. Сондай-ақ тұрғын үй төлемдері мен әлеуметтік жеңілдіктер беріле бастады. Жалпы, бұл жұмыс міндетті түрде өз жалғасын табады. Осындай шаралардың арқасында азаматтық қорғау саласының кадрлық әлеуеті артып келеді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы жер жүзінде түрлі себепке байланысты табиғи және техногендік апаттар көбейіп кеткеніне тоқталып, кәсіби тұрғыдан білікті, мықты мамандарды, яғни жаңа заман құтқарушыларын даярлауға ерекше назар аудару қажет екенін тілге тиек етті.

— Осы мақсатпен Көкшетау техникалық институты Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы болып қайта құрылды. Құтқарушы еліміздегі ең беделді мамандықтың біріне айналуға тиіс. Мемлекеттік органдар құтқарушыларға қоғамда лайықты баға берілуі үшін барынша шара қабылдауға міндетті. Өте қиын, қауіпті, бір емес, бірнеше бағытта дайындықты қажет ететін осынау мамандықты насихаттауға бұқаралық акпарат құралдары, өнер адамдары үлес қоса алады. Нағыз құтқарушылар әскери іс, экономика, құрылыс және басқа да көптеген саладағы арнайы білімді меңгерген. Олардың арасында спортшылар да аз емес, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Үкімет пен салалық министрлік төтенше жағдайларды уақтылы ескертудің және салдарын жоюдың тиімді жолдарын қарастыруға баса мән бергені жөн екенін жеткізді.

— Орталықтағы және жергілікті құтқару қызметтерінің іс-қимылы — біртұтас, нақты жүйеленген механизм. Басқару үдерісін автоматтандыруға, цифрландыруға, өзге де заманауи



технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізуге күш салу маңызды. Сонымен бірге министрлік қазірдің өзінде «Заң және тәртіп» идеологиясы аясында өнеркәсіп нысандарындағы қауіпсіздікті күшейтіп, өртке қарсы талаптар мен құрылыс нормаларын қатаңдату шараларын қабылдап жатыр. Азаматтарға, ең алдымен, балалар мен жастарға өрт, су тасқыны, жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерін мұқият, түсінікті тілмен жеткізу қажет. Олар апат кезінде қалай әрекет ететінін білуге тиіс. Сонымен қатар күнделікті өмірде, тыныш уақытта қауіпсіздік шараларын ұдайы есте сақтағаны жөн. Көпшілікті табиғат аясында демалу, су айдынында шомылу, тауға шығу, ауа райы жайсыз кезде және басқа да жағдайларда көлік жүргізу сияқты азаматтардың денсаулығы мен өміріне қатер төндіретін сәттерде жауапкершілік танытуға үндеу маңызды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев тек мемлекеттен бөлінетін қаражатқа қарап отыратын спорт федерацияларының басшыларын сынға алды. Сондықтан тәртіп, жанашырлық, жәрдем беру секілді өмірлік маңызы бар қағидаларды қоғамда орнықтыру ісінде құтқарушылар өскелең ұрпаққа үлгі болуы керек деп санайды.

— Оқу орындарына Төтенше жағдайлар министрлігі бөлімшелерінің бейресми қамқорлық көрсету тәжірибесін белсенді түрде енгізген дұрыс. Құтқарушылар қоғамда саламатты өмір салтын насихаттауға, балалар мен жастар арасында спортты дәріптеуге зор үлес қоса алады. Бұл — шын мәнінде стратегиялық

маңызы бар мәселе. Себебі рухымықты, саламатты ұрпақ тәрбиелеу — қазіргі жаһандық өзгерістер заманында ұлт сапасына тікелей әсер ететін жағдай. Осы бағытта Төтенше жағдайлар министрлігі спорт федерацияларымен өзара байланыс орнатып, белсенді жұмыс істегені жөн. Жалпы, бүгінгі таңда спорт федерациялары абырой-бедел жинайтын құрылымға айналып кетті. Көптеген федерацияны ірі бизнес өкілдері және мемлекеттік мекеме басшылары басқарып отыр. Бірақ ашығын айтуымыз керек, кәсіпкерлер осы қоғамдық маңызы бар іске өз қаржысын салуға құлықсыз, тек мемлекеттен бөлінетін қаражатқа қарап отырады. Мемлекеттік қызметшілер де осы жоғары қоғамдық лауазымдарды өзін «жарнамалау» құралы ретінде көреді, яғни спорттың мәнісіне терең бойламайды. Тіпті спортшылардың жетістігін өздерінің жеке жеңісі деп санайтындар бар. Мұндай теріс, жағымсыз үдеріске тосқауыл қою керек. Осы мәселе бойынша жан-жақты талдау жүргізу қажет. Бұл жұмысты Президент Әкімшілігіне тапсырамын, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, спорт және дене шынықтыруға қолдау көрсетуді құрметті қоғамдық миссия және үлкен азаматтық жауапкершілік ретінде қарастырған жөн.

— Ел ішінде және шетелде атақ-абыройынды асқақтату үшін федерация басқару дұрыс емес. Оған жол беруге болмайды. Сондықтан мемлекет кәсіпкерлерді, соның ішінде ірі бизнесмендерді қолдайды. Бірақ мемлекет пен қоғам да олардың осыған сай әрекет еткенін күтеді. Атап айтқанда, бұл спортты,

мысалы футболды коммерцияландыру мәселесіне қатысты. Туризм және спорт министрлігі мен спорт федерацияларының арасында тең құқылы диалог өрбіп, міндеттері мен құзыреттері нақты айқындалған ынтымақтастық жолға қойылуға тиіс. Кәсіпкерлердің бастамаларын ынталандыру — мемлекеттік саясатымыздың негізгі басымдығы. Мен бұған ерекше мән беремін. Өткен аптада экономикалық ахуалға қатысты арнайы жиын өткіздім. Онда



еліміздегі бизнесті дамыту мәселелері қарастырылды. Кеше Премьер-министрге берген тапсырмада шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау қажеттігіне тағы да баса назар аудардым. Қазір бірқатар спорт федерациясына бизнесмендердің, меценаттардың жаңа буыны келе бастады. Оларға спортты дамыту саласындағы жағдайды жақсарту міндеті жүктелді. Қазірдің өзінде жұмысқа жауапкершілікпен қарап, маңызды жеңіске қол

жеткізуге бар ынтымақтасумен ұмытылатындарын байқап отырмыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент ТЖМ қызметкерлері, құтқарушылар әрқашан және әр кезде ел камын ойлап, азаматтардың қауіпсіздігін күзететінін атап өтті. Сондай-ақ азаматтық қорғау жүйесін жаңғыртудың кешенді жұмыстары жалғасып, құтқарушыларға жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді. Қазіргі жұмыс қарқынын төмендетуге болмайды. Өйткені азаматтардың өмірі мен тұрмысы осыған тікелей байланысты.

— Өзгенің өмірін сақтау үшін өз басын қатерге тігу — нағыз ерлік. Қиындыққа тап болған жандар, ең алдымен құтқарушылардан көмек күтеді. Бүгінде азаматтық қорғау саласының қызметкерлері өз міндетін мінсіз атқарып келеді. Олар сын сағатта жанқиярлық көрсетуге дайын тұрады. Тіпті осы жолда құрбан болған ерлеріміз аз емес. Өткен отыз жылда 72 құтқарушы ерлікпен қаза тапты. Біз батырларымыздың есімін ешқашан ұмытпаймыз. Олар отаншыл және антқа адал болудың тамаша үлгісін көрсетті. Сондықтан өмірін құтқару ісіне арнаған ерлердің есімдерін тарихымызда мәңгі сақтау үшін тиісті іс-әрекеттерді дер кезінде қолдануымыз керек. Нағыз ерлік жасаған батыл азаматтарымыздың рухына тағзым ете отырып, олардың есімдерін ел ішінде

ұлықтай беруіміз қажет. Халқымыз «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер» деп айтқан. Түптеп келгенде қайсар рухты құтқарушыларымыз Әділетті және Қауіпсіз Қазақстанды құруға мол үлес қосып жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Президент қызметтік борышын атқару барысында көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

СЕНАТ



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ТүркПА БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Қазақстанға ресми сапармен келген ның Бас хатшысы Рамиль Гасановпен кездесті. Тараптар күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге назар аударып, ТүркПА аясындағы өзара іс-қимылды одан әрі арттыру тетіктерін талқылады.

Кездесуде Әзербайжанның Габала қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының XII саммитінің қорытындысы кеңінен сөз болды. Нақты айтқанда, экономиканың негізгі секторлары бойынша ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің интеграциясын нығайтуға, халықаралық мәселелерде өзара қолдауға, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және мәдени-гуманитарлық іс-қимылды дамытуға арналған Габала декларациясының негізгі бағыттары талқыланды.

«Біздің кездесуіміз елдеріміздің өзара іс-қимылының жоғары деңгейін растап, түркі интеграциясының жаңа бағдарын белгілеп берген Габаладағы Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінен кейін өтіп отыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сол жиында түркітілдес халықтардың жақындығына ерекше тоқталған болатын. Мемлекет басшысы түбі бір түркі жұртының тарихы тамырлас екенін және бізді ортақ құндылықтар біріктіретінін тілге тиек етті. Мұның бәрі берекелі бауырластығымыз бен ынтымағымыздың жарқын көрінісі екені анық. Габала саммитінің нәтижелері Парламенттік Ассамблея аясында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, келісілген заңнамалық тәсілдерді әзірлеуге және бірлескен жобаларды іске асыруға оң септігін тигізеді деп сенемін», — дей келе Мәулен Әшімбаев Қазақстан ТүркПА-ның қазіргі төрағасы ретінде Ұйымның түркі мемлекеттері мен халықтарының игілігін көздейтін бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

Сонымен қатар тараптар қазір ТүркПА түркі интеграциясында парламентаралық диалогты нығайтатын және елдердің заңнамалық бастамаларын үйлестіретін маңызды алаң ретінде ерекше орын алатынына назар аударды. Сенат Төрағасы өз сөзінде бұл бағыттағы ынтымақтастықтың перспективаларына да тоқталып өтті.

«Қазақстан Парламенті ТүркПА аясында белсенді ынтымақтастықты арттыруға және жаңа бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі. Қазіргі таңда түркі елдерінің парламенттік дипломатиясы белсенді дамып келеді. Сондықтан ортақ үйлестіруші орган — ТүркПА хатшылығының қызметін одан әрі жетілдірудің маңызы зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ал Рамиль Гасанов биыл маусым айында Астанада ТүркПА-ның пленарлық сессиясы сәтті өткізілгенін айтты. Аталған сессияда бірқатар модельдік заңдар қабылданып, ТүркПА-ның 14-пленарлық сессиясының Астана декларациясы мақұлданған болатын. Сондай-ақ Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы тығыз ынтымақтастық және парламентаралық байланыстарды нығайту жолындағы белсенді жұмыс үшін ризашылығын білдірді.

Сұхбат кезінде қазақ-әзербайжан арасындағы екіжақты іс-қимылды әрі қарай дамыту мәселелері де сөз болды. Бұдан басқа, Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт қатынастар туралы декларацияның маңызына мән берілді.

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІСТЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың қарауына 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы және республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобалары енгізіледі. Заң жобалары Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, 2026-2028 жылдарға арналған бюджет параметрлері және Президенттің тапсырмалары негізінде әзірленді.

Жұмысқа бірқатар жаңа заң жобасын қабылдау ұсынылады. Олардың қатарында атқарушылық іс жүргізуді және қылмыстық заңнаманы жетілдіруге бағытталған түзетулер, сондай-ақ 2021 жылғы 16 ақпандағы Еу-

разиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге енгізілген өзгерістер бар. Бұл құжат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіруге бағытталған. Сонымен қатар Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а)-бабының және 56-бабының өзгеруіне қатысты хаттаманы ратификациялау ұсынылған.

Бюро отырысында Парламентаризм институтының Үшінші сессия барысында VIII сайланған Парламент Мәжілісімен өзара іс-қимыл жөніндегі жоспардың орындалуы туралы, сондай-ақ Төртінші сессияға арналған жұмыс жоспары туралы ақпараты тыңдалды.

СЕРПІН БЕРЕР СЕРІКТЕСТІК

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының Бас хатшысы Рамиль Гасанды қабылдады.

Ерлан Қошанов Рамиль Гасанды ТүркПА Бас хатшысы қызметіне кірісуімен құттықтап, оның кәсіби біліктілігі мен түркі елдері ұйымдарындағы мол тәжірибесін атап өтті.

Мәжіліс спикері түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы Қазақстан үшін басым бағыт екенін айтып, түркі бірлігін нығайтуға парламентаралық зор үлес қосып келе жатқанына назар аударды. Сондай-ақ жуырда Габала қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымы саммитінің маңыздылығына тоқталды.

— Бұл саммит біздің елдеріміздің арасында өзара саяси ықпалдастық жоғары деңгейде екенін көрсетті. Мемлекет басшылары өңірлік бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерін жан-жақты талқылады. Габала саммитінің нәтижелері ТүркПА жұмысына, соның ішінде заң шығару ісіне және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға тын серпін беретініне сенімдімін, — деді Мәжіліс спикері.

Ұйымның қазіргі төрағасы ретінде Ерлан Қошанов ТүркПА ішінде өзара ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірнеше маңызды міндетті атап өтті. Олардың қатарында ұйымның басты құқықтық құжаттарын жетілдіру, Астанада парламенттердің салалық комитеттерінің отырыстарын өткізу және Әзербайжанда Түркология съезінің 100 жылдығына арналған іс-шараларды ұйымдастыру сөз болды.

Кездесуде жаңа ынтымақтастық форматтарын енгізу арқылы ТүркПА құрамын кеңейту мүмкіндіктері, Ассамблея қызметін Түркі мемлекеттері ұйымы қызметімен және басқа да түркі институттарымен үйлестіру мәселелері талқыланды.

ТүркПА Бас хатшысы Мәжіліс төрағасына ұйым құрамындағы парламент төрағаларының бейресми кездесулерін жандандыру, әйел депутаттар мен жастар бағытындағы жұмысты кеңейту туралы ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ ТүркПА елдерінің мүдделерін басқа да парламентаралық алаңдарда өзара қолдаудың маңыздылығы жөнінде идеялар ортаға салынды.

БАҒДАР

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда қарыз жай ғана қаржылық көрсеткіш емес. Ол кейде адамның өмір бағытын бұрып, баланың күлкісін өшіріп, ананың сенімін жұтады. Бір отбасы үшін – төленбеген коммуналдық төлем, екіншісі үшін – ұйқысыз түндер мен үздіксіз қоңыраулар. Қарыз тек экономикалық көрсеткіш емес, ол – қоғамның әлеуметтік күйін айнадай көрсететін құбылыс.

Кейінгі жылдары осындай күйзеліс жағдайына тап болған мыңдаған азамат үшін «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы үміт отын жакты. Бұл бастама 2023 жылы іске қосылып, екі жыл ішінде қарапайым кеңес пен құқықтық сүйемелден бастап, банкроттық рәсіміне дейінгі нақты көмек көрсететін ұлттық ауқымдағы әлеуметтік бағдарламаға айналды.

Жоба тек қарызды азайтумен шектелмейді. Ол адамдарға қаржылық мәдениетті қайта қалыптастыруға, өз өміріне бақылау мен сенімді қайтаруға көмектеседі. Көпшілігі үшін бұл бағдарлама – жаңа өмір бастау мүмкіндігі.

Төмендегі алты оқиға – заң тетіктерінен гөрі, адам тағдырының, үміт пен қайта тірілудің айнасы.


АНА ЖӘНЕ СЕНІМНІҢ ҚҰНЫ

Ол ұлын аман алып қалу үшін бәрін сатты. Тіпті, пәтерін де. Су ішсе, денесі бөріп кететін ауыр аллергиясы бар баласының жағдайын жеңілдету үшін Еуразиялық банк арқылы 5,6 миллион тенге несие алды. Сол сәтте әріптесі сенімді жүзбен: «Түркияда жоғары пайызбен депозит ашып берем, ай сайын табыс түседі», — деді.

Ал ана сенді. Баласының еміне ақша көбейеді деген үмітпен қолындағы 8 миллион теңгені сол әйелге табыстады. Бірақ уәде берген адам ертеңіне-ақ жоғалып кетті. Артында ауыр диагнозы бар науқас бала мен мойнында бірнеше несие қалды.

Қатты соққыдан кейін ол жаңа займдарға жүгінуге мәжбүр болған: дәрі-дәрмек алу керек, пәтер жалдау керек, ал табыс жоқ. Күндердің бірінде Instagram-нан «Қарызсыз қоғам» жобасының жарнамасын көріп қалған. Алғашқы кездесуде көзіне жас алып отырып: «Мені алдады... Енді мен балама не қалдырдым?» — деген.

Жоба заңгерлері істі нөлден бастап қолға алды. Барлық құжат жиналып, банкроттық рәсімі басталды. Сот шешімі шыққанда ол алғаш рет жеңіл демалды. Бірақ бұл жай ғана қаржылық шешім емес еді — жоба алаяқтық фактісін құқықтық арнаға түсіріп, ананың



«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: АЛТЫ ТАҒДЫР, БІР ҮМІТ

заң алдындағы қорғанысын қамтамасыз етті. Қазір ол — банкрот емес, бала үшін қайта күресіп жатқан ана. Ол үшін бұл сот шешімі тек қарыздан құтылу емес, қайта өмір сүруге берілген мүмкіндік болды.

ДАНИЯРДЫҢ ҮНСІЗ КҮРЕСІ

33 жастағы Данияр Каденов — Орал қаласының маңындағы шағын үйде анасымен бірге тұрады. Бұрын табыс көзі болған, бірақ кейінгі жылдары жұмыссыз қалыпты. Ал қарыздар күн сайын көбейген. Банкротпен, микрокредиттік ұйымдардан және бірнеше коллекторлық агенттіктен алған берешегі 2,8 миллион теңгеден асып, төлем мерзімі екі жарым жылдан артық уақытқа кешіккен.

Телефон қоңыраулары толассыз. Кейде таңғы сегізге, кейде түн ортасында. «Бір күні бәрін өшіріп тастайын» деген ой да келген. Бірақ бір сәтте ол шешім қабылдап, «Қарызсыз қоғам» жобасына жүгінді.

Жобаның мамандары Дамирмен бірге әр қадамды түсіндіріп, ЭЦҚ алуға көмектесті, несие тарихын қарап, құжаттардың толық пакетін жинап берді. Банкроттық рәсімін сотқа дейінгі тәртіпте өткізу ұсынылды. Барлығы заңды жолмен жасалды.

19 мамыр күні Батыс Қазақстан облысының Мемлекеттік кірістер департаменті шешім шығарды: Данияр Темірбекұлы Каденов соттан тыс банкрот деп танылды. Бұл шешім — жай ғана қағаз емес, жаңа өмірдің бастамасы еді. «Менің өмірімде бірінші рет ешкім мені кінәламай, тыңдады», — деді ол.

ОРЫНАЙДЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫ

58 жастағы Орынай Өтеуова екі жылдан астам уақыт бойы телефон қоңырауынан шошып өмір сүрді. Kaspi Bank-тен келген әрбір хабарлама оның жүйкесін тоздырып, тыныштығын бұзатын. 2 миллион теңге қарыз, табыс көзі

жоқ, ал үйдегі үнсіздік көбіне ұят пен қорқынышқа толы еді. «Түнде телефон шырылдаса, жүрегім тоқтап қала жаздайтын», — дейді ол сол кездерді еске алып.

Жылдар бойы қорқыныш пен кінә сезімін аркалап келген әйелге «Қарызсыз қоғам» жобасының мамандары көмек қолын созды. Олар оның несиелік тарихын көтеріп, ЭЦҚ алудан бастап өтініш беруге дейінгі барлық рәсімді бірге өткізді.

Орынайдың Kaspi Bank-ке берешегі 2,1 миллион теңгеге жеткен, ал төлем кешігу мерзімі 669 күннен асқан еді. Қазір ол соттан тыс банкроттық процесінен өтуде. Бұл оның өміріндегі шешуші кезең — «ертең айыппұл тағы

естіп, банкроттық рәсімін бастауға шешім қабылдады. Мамандар оған құжаттарды жинауға көмектесіп, заңдық процесті толық түсіндірді.

Қазір ол нәтижесін күтіп жүр. «Бұрын «тағы қанша қоңырау шалады?» деп уайымдайтынмын», — дейді ол күліп.

АЙНҰРДЫҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Астана тұрғыны Айнұр Сейілбек — алты баланың анасы. Бір кезде ол отбасы үшін бәріне дайын еді. Күйеуі «жұмысты кеңейту керек» деп, 10 миллион тенге көлемінде несие алуды өтінді. Айда-на сенді, несиені өз атына рәсімдеді. Бірақ көп ұзамай күйеуі отбасын тастап кетті.

Сол сәттен бастап ауыр жылдар басталды. Қарыз көбейді, табыс болмады, ал балалардың көзіндегі қорқыныш пен мұң — оның ең үлкен жазасы. Кейін тағдыр оны тағы сынады: Айдананың өзі де

кәсіп ашуды армандайды. «Мен бұрын тек қарыз туралы ойлайтынмын, енді тек өмір туралы ойлаймын», — дейді ол сеніммен.

СВЕТЛАНА ЖӘНЕ ОНЛАЙН-АЛАЯҚТАР

Қостанайлық 44 жастағы Светлана ТЕМУ интернет-дүкен сайтынан киімге тапсырыс беріп, күтпеген жерден алаяқтардың құрбанына айналды. Тапсырыстан кейін оған өзін «полиция тергеушісіміз» деп таныстырған адамдар хабарласты.

Олар WhatsApp арқылы байланысып, «сіздің атыңызға күмәнді операция тіркелді, бәрін бақылауда ұстаймыз» деп бір ай бойы алдап, сеніміне кірген. Сол аралықта Светлананың атынан бірнеше несие рәсімделген:

- микрокредиттік ұйымдарда — 400 мың тенге,
- Forte Bank-те — 2 миллион тенге,
- KASPI-де — 1,45 миллион тенге.

Бірақ бұл басы ғана еді. Алаяқтар оның банктік депозитіне де қол жеткізіп, 6 миллион теңгені шешіп алған. Жалпы шығын — 9,8 миллион теңгеден астам.

Осы жағдайда «Қарызсыз қоғам» жобасы оның басты тірегіне айналды. Заңгерлер істі «алақтық фактісі» бойынша қайта қарауға көмектесіп, материалдарды құқық қорғау органдарына жолдады. Қазір Светлана заңгерлік қолдау алып, несиелік дауларды тоқтату және несиелік тарихын қалпына келтіру бағытында жұмыс істеп жатыр. Ол үшін бұл тек қаржы емес, сенім мен қауіпсіздікті қайтару күресі. Ол енді банкрот мен экрандарға қорқынышпен емес, сақтықпен қарайды.

БІР ОРТАҚ САБАҚ

Бұл алты оқиғаның барлығы бір шындықты көрсетеді: қарыз — тек сандар емес, адамның тағдыры мен ішкі тыныштығы. «Қарызсыз қоғам» жобасы осы тыныштықты қайтарушы. Біреуге банкроттық арқылы жаңа бет ашуға, екіншісіне — аресттен босау мен қайта құрылымдауға, үшіншісіне — алаяқтықтан қорғануға көмектеседі. Ең бастысы, адамға «сен жалғыз емессің» деген сенім сыйлайды.

Жоба тәсілі қарапайым, бірақ пәрменді: алдымен әр адамның нақты жағдайын талдап, табыс пен шығын теңгерімін жасайды; қажет болса, төлем кестесін қайта құрады немесе реструктуризация жасайды; заңбұзушылық байқалса, аресттер мен айыппұлдарды даулауға көмектеседі; ал төлем қабілеті қалпына келмейтін деңгейде болса, банкроттық рәсімін жүргізеді. Бұл — жай қарызды азайту емес, адамның қаржылық және құқықтық мәртебесін қалпына келтіретін толық экзотика.

Қарыздың көлеміне ұзын: ол адамның жұмысын, отбасын, тіпті сенімін де көлегейлейді. Сол көлемнен сөйілетін жолы — білім, құқық және жүйелі сүйемел. «Қарызсыз қоғам» осы үш тірек арқылы дәлелдеп отыр: қарыз — тағдыр емес, дұрыс жол көрсетілсе, кез келген адам қайта тұра алады.

Гүлнұр КАКИМЖАН



Жоба тек қарызды азайтумен шектелмейді. Ол адамдарға қаржылық мәдениетті қайта қалыптастыруға, өз өміріне бақылау мен сенімді қайтаруға көмектеседі. Көпшілігі үшін бұл бағдарлама — жаңа өмір бастау мүмкіндігі.

өседі» деген қорқыныштан «ертең ресми жұмысқа тұрамын» деген үмітке көшу.

ЖАРАҚАТТАН КЕЙІНГІ ӨМІР

Ақмолалық Мағжан Түсіпбеков — өмір бойы еңбекпен өскен адам. Құрылыс алаңындағы бір ғана сәт бәрін өзгертті. Қатты жарақат алған ол жұмысынан айырылып, кейін мүгедектікке шықты. Сол күннен бастап табыс тоқтап, өмірдің қарқыны бір сәтте баяулады.

Бастапқыда алған 400 мың теңгелік несие оған уақытша дем болғандай көрінген. Бірақ ай сайынғы төлем енді тауға айналған асу секілді еді. Қолда бар қаржы дәрі-дәрмек пен күнделікті тұрмысқа ғана жетті. Сол кезде ол «Қарызсыз қоғам» жобасы туралы

заңмен байланысқа түсіп, сотталып, қазір шартты түрде бостандықта. Әйтеуір, ол қорғаншылық ұйымның қамқорлығында, балаларының жанында. «Ең қиыны — балаларымның көзіне қарау еді. Енді сол көздерде қорқыныш емес, сенім бар», — дейді ол күлімсіреп.

«Қарызсыз қоғам» жобасының мамандары оның жағдайын ерекше ескеріп, банкроттық рәсіміне өтінішін дайындап, барлық заңдық құжаттарын реттеп берді. Сонымен қатар әлеуметтік қорғау және құқықтық қолдау тетіктерін түсіндірді.

Айдана үшін бұл — тек қарыздан босау емес, балаларымен бірге жаңа өмірді бастау мүмкіндігі. Бүгінде ол балаларының болашағына жоспар құрып, шағын

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Қоғамның қауіпсіздігі тек полицияның міндеті емес, ол әрбір азамат, әрбір мекеме, тіпті әр отбасының ортақ жауапкершілігі. Жақында өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында құқықбұзушылықтың алдын алу жайлы жаңа заң жобасы қызу талқыға түсті. Бұл бастама қылмыспен күреске қатысты қоғам көзқарасын түбегейлі өзгертуді көздейді. Өйткені бұрын құқық қорғау жүйесінің басты мақсаты жазалау болса, бұдан былай құқықбұзушылықтың алдын алу болып отыр. Ендігі сұрақ заңның қағаз жүзінде қалып қоймай, өмірде қалай жүзеге асатынында. Осы жөнінде Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ тарқатып айтып берді.

— Жалпы отырыста профилактикалық қызметті айқындайтын онға жуық заң бар екенін айттыңыз. Ендеше құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша бірыңғай заң қабылдау не үшін қажет болды? Сонда қазіргі заңдар бұл мәселені шешуге қауқарсыз болып отыр ма?

— Бүгінде елімізде профилактикаға қатысты онға жуық заң бар деп айтқаным рас. Бірақ олардың әрқайсысы өз саласына қарай бөлек жұмыс істейтінін естен шығармайық, себебі олар бір жүйеге біріктірілмеген. Нәтижесінде, ведомстволардың іс-қимылы көбіне өзара үйлеспей жатады. Бұл дегеніңіз профилактика тиімділігін төмендететін негізгі себептердің бірі. Мысалы, ішкі істер органдары құқықбұзушылық жасаған адамды тіркеп, бақылауға алуы мүмкін, бірақ оның әлеуметтік жағдайы, отбасылық мәселесі немесе психологиялық күйі басқа құрылымдардың назарынан тыс қалады. Мұндай жағдайда адамды жазалау жағы қарастырылғанымен, оны қоғамға қайта бейімдеу тұрғысынан келгенде қол қусырып қаламыз.

Ал жаңа заңның басты ерекшелігі — осы бытыраңқылықты жою. Яғни, құқықбұзушылықтың алдын алу ісі тек полицияның емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың, тіпті қоғамның ортақ міндеті ретінде айқындалады. Демек, енді әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар мен жергілікті билік бәрі бір бағытта, бірыңғай жоспармен жұмыс істейді.

Азаматтардың қауіпсіздігі мемлекеттің ең басты міндеті екені бәрімізге мәлім. Бірақ соңғы жылдары қылмыстың түрі де, сипаты да өзгерді. Бұрын құқықбұзушылық тек көшедегі тәртіп-



Үнзила ШАПАҚ,
Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ҚЫЛМЫСТЫҢ ТҮП-ТАМЫРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕГЕ КЕЛІП ТІРЕЛЕДІ

сіздік пен ұрлық деп қарасак, бүгінде оның ауқымы кеңейіп, әлеуметтік, экономикалық, тіпті цифрлық салаға дейін еніп кетті. Сәйкесінше, мұндай жағдайда тек полицияның немесе жекелеген мемлекеттік органдардың күшімен мәселені шешу мүмкін емес. Сондықтан да құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған бірыңғай заң қабылдау уақыт талабы болып отыр.

Жаңа заң — қоғамның өз қауіпсіздігіне деген көзқарасын өзгертетін құжат. Ол тек жазалауға емес, алдын алуға, тәрбиелеуге, қайта әлеуметтендіруге бағытталған. Бұл — кез келген өркениетті ел ұстанатын жол. Қылмыстың азаюы тек заңның қатандығымен емес, адамдардың өзара сенімі мен қолдауына байланысты екенін түсінетін уақыт жетті.

Сондықтан бірыңғай профилактика заңы — бұл жай ғана құқықтық құжат емес, қоғамның санасын жаңғыртатын идеологиялық қадам дер едім. Ол әр азаматтың бойында «қауіпсіз орта — бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз» деген түсінік қалыптастырады. Тек осылай ғана біз құқықбұзушылыққа төзбеуші, әділ әрі қауіпсіз қоғам құра аламыз.

— Өзіңіз айтқандай, қазір профилактикалық жұмыстар көбіне полиция арқылы жүргізіледі. Ал жаңа заң бұл тәсілді қалай өзгертпек?

— Бүгінге дейін құқықбұзушылықтың алдын алу ісі көбіне

дағы жасөспіріммен тек учаскелік емес, педагог пен психолог бірге жұмыс істейді. Бұл адамды қоғамнан шеттетпей, қайта бейімдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге құқықбұзушылықтың алдын алу бұл тек тәртіп емес, мәдениет мәселесі дер едім. Ал мәдениет күшпен емес, түсіністікпен, келісіммен қалыптасатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан жаңа заң қабылданған соң полицияның қоғамдағы бейнесі де өзгереді: ол қорқыныш тудыратын емес, сенім ұялататын құрылымға айналуға тиіс. Бұл үшін ішкі істер органдарының кадр саясаты, қызметкерлердің даярлығы мен халықпен байланыс әдісі де жаңаша құрылмақ.

Яғни, жаңа заң — тек құқықтық реформа емес, полиция мен қоғам арасындағы көпір. Ол күшке емес, бірлікке, қорқыншыққа емес, сенімге сүйенетін жаңа модель қалыптастырады. Сонда ғана профилактика шынымен нәтижелі болмақ.

— Отырыста халықаралық тәжірибеде қоғам мен мемлекеттік органдардың бірлесіп тиімді жұ-

мыс атқарғаны сөз болды. Бұл тәжірибе елімізде қалай жүзеге асырылмақ?

— Иә, қылмыстың түп-тамыры әлеуметтік ортада жатқанын бүгінде халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Жұмыссыздық, тұрмыстық қиындықтар, білім мен мәдениеттің төмендігі, маскүнемдік, құмар ойын — осылардың барлығы адамды құқықбұзушылыққа итермелейтін факторлар. Сондықтан бұл мәселеге кешенді түрде қарау қажет. Мысалы, Франция мен Канадада профилактикалық бағдарламалар полицияның қатысуынсыз-ақ жүзеге асады: әлеуметтік қызметкерлер қауіпті топтағы азаматтармен жұмыс істейді, психологтар балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсетеді, жергілікті қоғамдастықтар бос уақытты тиімді өткізу жобаларын ұйымдастырады.

Біздің елімізде де осы бағытты дамыту көзделіп отыр. Бірыңғай заңның арқасында профилактика бір орталықтан басқарылатын болады. Бұл әрбір ведомствоның жауапкершілігін нақтылайды әрі ресурстарды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді. Ең бастысы, күштік әдістермен шектелмей, адам тағдырына әлеуметтік көзқараспен қарау мәдениеті қалыптасады.

Мысалы, дамыған елдерде құқықбұзушылықтың алдын алу үш деңгейде жүзеге асады: мемлекет, қоғам және отбасы. Мемлекет заң мен жүйені құрады, қоғам түсіндіреді, отбасы тәр-

биелейді. Ал бізде осы тізбек жиі үзіліп қалып жататынын көріп жүрміз. Бірі жауапкершілікті екіншісіне артуға әуес. Жаңа заң осы үзілісті жалғап, бәрін ортақ жүйеге біріктірмек.

Мәселен, жергілікті басқарушы билік енді өз аймағындағы әлеуметтік ахуалды бақылауға алады. Жұмыссыздық, тұрмыстық зорлық, жастар арасындағы агрессия секілді мәселелердің алдын алу үшін нақты бағдарламалар әзірленеді. Білім беру ұйымдары балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы өзгерістерді ерте анықтап, психологтармен бірлесіп жұмыс істейді. Ал қоғамдық бірлестіктер мен волонтерлер тәуекел тобындағы азаматтарға көмек көрсетуге атсалысады. Ең бастысы, қоғамның енжарлығын жою. Әр азамат «менің қауіпсіздігім өзіме де байланысты» деген түсінікті бойына сіңіргенде ғана нәтиже болады.

— Құқықбұзушылықтардың алдын алу туралы жаңа заң қоғам мен мемлекет үшін қандай нақты нәтижелер береді деп ойлайсыз?

— Бұл заң қабылданса, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Атап айтқанда, ең бірінші, құқықбұзушылықтардың алдын алу шараларының тиімділігі артады. Яғни, қылмыс жасаған адамдардың оны қайта қайталау ықтималдығы азаяды. Екіншіден, профилактикамен айналысатын түрлі мекеме мен ұйымның жұмысы жақсармақ. Себебі бұрын әрқайсысы өз бетінше әрекет етсе, енді олардың жұмысы ортақ мақсатқа бағытталады. Одан кейін қоғамның құқық қорғау органдарына сенімі күшейі мүмкін. Себебі азаматтар профилактикалық жұмыстың ашық, әділ және тиімді жүргізіліп жатқанына куә болады. Төртіншіден, заңға құрметпен қарау мәдениеті қалыптасып, адамдар арасында зорлық-зомбылық пен заңбұзушылыққа төзбеу көзқарасы орнығады. Жалпы алғанда, бұл жаңа заң — барлық қолданыстағы ережелер мен салалық заңдарды біріктіріп, халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған құжат. Ол еліміздің құқықбұзушылықтың алдын алу жүйесін жаңа деңгейге көтереді. Заң қабылданған соң құқықтық тәртіптің бірлігі қамтамасыз етіледі, ал мемлекет пен қоғам арасындағы байланыс күшейеді. Бұл өз кезегінде елімізді қауіпсіз, әділ және тұрақты мемлекетке айналдыру жолындағы үлкен қадам болмақ. Әрине, мұндай маңызды бастаманың әрбір тетігі жан-жақты талқыланып, жетілдіру кезеңінен өтті. Осылайша, жұмыс тобы заң жобасын талқылау кезінде депутаттар мен заңгерлердің ұсыныстарын толығымен қарастырды. Нәтижесінде, барлық негізгі комитеттер бұл бастамаға оң қорытынды беріп, қолдау білдірді.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

КӨКЕЙКЕСТІ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Ғылым мен технологияның жедел дамуы әскери жабдықтар саласына да төңкеріс әкелді. Әсіресе, ұшқышсыз ұшатын аппараттар, робот техникалары, дрон-катерлер елдің назарын аударып отыр. Әлемнің түрлі аймақтарындағы қақтығыстарда осындай үлгідегі технологиялар қолданылып жатыр. Сондықтан дрон технологиясымен қарулану трендке айнала бастаған. Қазақстан да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Бүгінде күш құрылымдары дрондарды белсенді қолданып жүр. Олар шекарашылардың қолында да, теңізшілерде де, құрлық әскерлерінің түрлі бөлімінде де бар. Ал мұндай құралдарды өзімізде өндіру жайы ше?

Міне, мәселе — осында. Білетіндер елімізде түрлі деңгейде әскери дрондар құрастырыла бастағанын айтады. Қарулы күштер, Ұлттық ұлан мен шекара қызметінде отандық өнімдер ішінара қолданып та жүр. Алайда көпшілік бұл бағыттағы стартаптарды біле бермейді. Ал олардың қатарында инженер Таир Балбаев та бар. Ол отандық «Шағала-М» дронын жасауға атсалысқан. Ал қазір Tahara Technologies стартапының негізін қалап, дрондар құрастыру, жобалау бағытында жұмыс істеп жүр. Осы орайда маманмен отандық қорғаныс өнеркәсібі кешеніндегі жаңа бағыт жайлы тілдестік.

— Таир мырза, ХХІ ғасырдың әскери технологиясында ұшқышсыз ұшатын аппараттар мен дрондар төңкеріс жасады деп айта аламыз ба?

— Расында, ХХ ғасырдың басындағы танктер сияқты, ХХІ ғасырда дрондар әскери ғылымда, ұрыс жүргізу тактикасында төңкеріс жасады. Арзан дрондар, технологияның қолжетімді болуы соғыс барысын өзгерткені сонша, бұрынғы қымбат жабдықтарға қатысты көптеген жауапсыз сұрақ туғызып отыр. Яғни, жаңа құралдар жоятын қару-жарақтың өзіндік құны дрондардың бағасынан ондаған, жүздеген есе қымбат болып тұр.

— Отандық әскери мақсатқа арналған ұшқышсыз ұшатын аппараттар өнеркәсібінде қолтаңбаңыз бар екенін білеміз. Қазір қандай жобамен айналысып жүрсіз?



Таир БАЛБАЕВ, инженер:

ҚАЗАҚСТАНДА ДРОН БӨЛШЕКТЕРІН ӨНДІРУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛМАҒАН

Біз осы жүйелерге мейілінше дербестік беруге ұмтылып жатырмыз.

— Қазақстанда әскери дрон жасау қандай деңгейде? Оның белгілі бір бөлшегін өзіміз жасай аламыз ба?

— Елімізде әскери дрондар құрастыру деңгейіне келсек, әлбетте, өзара соғысып жатқан Ресей, Украина сияқты елдерден артта қалғаны рас. Оларда технология қарқынды дамып, ұшқышсыз ұшатын аппараттар

Ал қосалқы бөлшектерге келсек, қазір біз оларды өзіміз жасай аламыз. Онда тұрған ештеңе жоқ. Қазір біз корпустарды да, электрониканы да жасай аламыз. Біздің компания дрон бөлшектерін сатып алып, жинақтап қана қоймай, барлық процеске терең үңіледі. Дрондардың электронды бөліктерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді өзіміз әзірлейміз. Менің ойымша, жалпы алғанда, ұшқышсыз ұшатын аппараттардың технологиялық тұрғыда «сезімтал» бөлігін әзірлеуді өз мойнымызға алып, оларды өз елімізде

өндіре аламыз. Дегенмен дәл қазір ұшқышсыз ұшатын аппараттар бөлшектерінде қазақстандық жабдықтардың көп үлесі жоқ. Бізде, әдеттегідей, көп бөлшек Қытайдан сатып алынады, оларды біз жергілікті жағдайларға, талаптарға бейімдейміз. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда дрон бөлшектерін жаппай өндіру жолға қойылмаған.

— Дрон технологиясын әскери салаға енгізуде мемлекеттің қолдауы қандай деңгейде?

— Дрон технологиясын әскери салаға енгізудегі мемлекеттік қолдау мәселесіне келсек, әзірге айрықша демеу жоқ. Мемлекет ұшқышсыз ұшатын аппарат өндірушілеріне, жобалаушыларға енді ғана бет бұрып келе жатыр. Бірақ ұшқышсыз ұшатын аппараттардың басым бөлігі әлі де болса импортталады. Яғни, дәл қазір бізге айрықша қолдау жоқ, алайда мемлекет ұшқышсыз ұшатын аппараттар өндірісін осында, Қазақстанда локализациялау бағытына бет бұруы қажет екенін ескере бастаған сияқты. Өйткені отандық

дронды назарға алып, зерделеудеміз. Сөйтіп, алғашқы өнімімізді шілде айында әскери полигонда таныстырып, ұшырдық. Кейінгі өтіп жатқан әскери оқу-жаттығуларда да біз оптикалық-талшықты ҰҰА-ны таныстырдық.

— Кейінгі жылдары көп мемлекет ҰҰА өндірісіне назар аударып, экспортқа шығаруға ұмтылып жатыр. Біз ше?

— Расында, қазір ҰҰА өндірісіне назар аударған мемлекет көп. Дегенмен нарық тез толып кеткені байқалады. ҰҰА жобалаумен, өндірісімен айналысатын Қытайдағы көптеген компаниялар, стартаптар банкротқа ұшырап жатыр. Әлемде де солай. Бәрі өнімдерін экспортқа шығаруға ұмтылады. Бірақ ҰҰА қос мақсаттағы өнім саналатындықтан, экспорт, импорт мәселесі күрделеніп барады. Сондықтан әр мемлекет осы саланың өндірісін локализациялауға тырысады. Содан соң ғана экспортты ойлайды.

— Қазақстан жеріне кейінгі бір жылда бірнеше дрон құлады. Оларды бақылай алдыңыз ба? Сіз сияқты мамандарға мұндай техникалармен жақыннан танысу мүмкіндігі беріле ме?

— Иә, шынында да біздің жерге, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облысының жеріне ҰҰА құлады. БҚО-дағы жағдайлар Ресейдің әскери полигонының жақындығына байланысты болып отыр. Полигонда сынақтан өтіп жатқан дрондар біздің аймаққа ұшып кіреді. Сонымен бірге Украина жақтан ұшырылған дрондар да бізге жетуі мүмкін екенін жокқа шығармау керек. Әлбетте, тиісті

мамандар ол құралдарды қарап зерделейтін шығар, бірақ біздің компания сияқты жекеменшік мекемелерге бұл техникамен танысу мүмкіндігі беріле қоймайды. Дәлірек айтқанда, бізге ондай ұсыныс түскен жоқ.

— Қазақстанда өзіңіз сияқты маман көп пе? Өзара байланыстарыңыз қандай?

— Дәл әскери дрон мен ҰҰА жобалаумен, құрастырумен айналысатын мамандар көп пе, аз ба, менде нақты ақпарат жоқ. Бірақ мұндай мамандар бар. Біз бір-бірімізді білеміз. ҰҰА пилоттары, оларды бақылаушылар қауымдастығы дегендей түрлі топ бар. Жобалаумен, құрастырумен, зерттеумен, қызмет көрсетумен айналысатын компаниялардың өкілдері бір-бірімізді білеміз, түрлі жағдайда жолымыз түйісетіні бар. Исшараларда, көрмелерде, сынақ алаңдарында кездесіп қаламыз. Ал жаңа компаниялардың осы нарыққа шығып, орнығып қалуы қиын. Өйткені сөз басында айтқанымдай, Қазақстанда ғана емес, әлем бойынша нарық әбден толып кетті. Сол себепті бұл бағыттың дамуы өз ырғағын тауып алатын шығар деген пікірдемін.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Амангелді ҚҰРМЕТ



— Біз қазір «ақылды» деп атауға болатын технологиялармен жұмыс істеп жатырмыз. Армияға барлық әскери мәселелерді жедел шешуге, тез шешім қабылдауға, жылдам ақпарат қабылдауға, нысананың ізіне әп-сәтте түсуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект технологиялары төңірегінде жұмыс істеудеміз. Біз қазір мультиротер түріндегі, коптер деп аталатын дрондарды әзірлеп жатырмыз. Өйткені бұл платформалар тез арада іске қосуға, пайдалануға мейлінше ыңғайлы құралдар. Бұл жүйелер робототехниканы пайдалану принциптерін пайдалануға болатын белгілі бір жағдайларда дербес жұмыс істейді.

(ҰҰА) өндірісінің жаппай сипат алуы өте жоғары деңгейге жетті. Оларда мұндай аппараттардың өндірілуі мен әскерді қаруландыруға берілуі өте жылдам. Әрі өнім мөлшері де өте мол. Ұшқышсыз ұшатын аппараттар кең өндірістік платформаға жеткізілді. Бұл деңгейге қазір тіпті Еуропа Одағы да, АҚШ та қол жеткізе алмай отыр. Еуропаның, АҚШ-тың өндірісі мен технологиясының деңгейі жоғары болғанына қарамастан, олар әзірлеген көптеген жабдық өзін-өзі ақтай алмады. Ресей мен Украина арасында болып жатқан ұрыстағы заманауи «дрон соғысындағы» шынайы тиімділігін көрсете алмады.



Мемлекет ұшқышсыз ұшатын аппарат өндірушілеріне, жобалаушыларға енді ғана бет бұрып келе жатыр. Бірақ ұшқышсыз ұшатын аппараттардың басым бөлігі әлі де болса импортталады.

МӘСЕЛЕ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Президент биылғы Жолдауында «өте маңызды стратегиялық мақсат» қойды: Қазақстан алдағы 3 жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлы ел болады. Ел өмірі мен экономиканың барлық саласына жасанды интеллект жан-жақты ендіріледі. «Бұған кім дайын?» десек, ең бірінші жас ұрпақ ойға оралары даусыз. Осы орайда жуырда жарияланған «Қазақстан жастары» талдау есебінің қорытындылары көрсеткендей, қазіргі қазақ жастары бос уақытын негізінен әлеуметтік желіде өткізетін болып шықты. Жалпы, цифрландыру саласында жастарды не қызықтырады?

А Елдос СЕНБАЙ

Атап өтер жайт, Мемлекет басшысының өзі ЖИ-дің жаппай үстемдік етуінің тәуекелді тұстары, қауіпті жақтары жетерлік екенін ескертті.

— Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады, — деді Қ.Тоқаев.

Биылғы жылы әлеуметтік желілерді, жасанды зердені және дипфейкті ұтымды пайдаланған жастар ұйымдары құрбы-құрдстарын дүр сілкіндіріп, көтеріліске көтеріп, Непал, Перу, Мадагаскар сияқты бірнеше елде билікті төңкеріп тастады. Бұрынғы «түрлі түсті революциялар» қалыбында енді саясаттанушылар «Z революциясы» деген ұғымды айналымға енгізді. Оның сипаты — халықтық толқуға жасы 29-дан аспаған жастар жетекшілік етеді және ұйымдастырады, наразы топтардың негізінде солар құрайды, сондай-ақ қарсылық акцияларын әлеуметтік желі, Discord, Телеграм сияқты мессенджер көмегімен үйлестіреді.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Jastar ғылыми зерттеу орталығы жүргізген «Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеу нәтижелері паш еткендей, қазақстандық жас ұрпақ бүгінде бос уақытының басым бөлігін әлеуметтік желіні қарауға жұмсайды. Тиісінше, сол желіде не айтылса, соған құлай сенуге, айтқанын істеуге дайын. Әрине, бұрынғы буын сияқты қазіргі өскелең ұрпақ әлі де болса, қолы босағанда ата-анасының тапсырмаларын орындайды. Есейіп, қара шаңырақтан алыстағаны әке-шешесіне соғып, хал-жағдайын біледі, көмектеседі. Бағзы заманнан қалыптасқан бұл салтты әне-міне әлеуметтік желі ысырып тастағалы тұр.

«Сауалға қатысушылардың 67,8%-ы бос уақытында бірінші кезекте және тұрақты түрде ата-аналарына барып, қолғабыс ететі-



ЖЕЛІГЕ

Байланған «ЖҰЛЫН»

нін жеткізді (20,2%-ы «кейде ғана» деп жауап берді). Екіншіден, бұл ұрыпқа әлеуметтік желілерді қарау жетекабыл: 66,2%-ы бос уақытында тұрақты түрде соны таңдайды («кейде» дегендері — 21,5%). Үшіншіден, достарымен кездесетіндер азая бастады, тұрақты жүздесетіні жартысына жетпейді — 49,6% (34,8%-ы «кейде» жолығады). Төртіншіден, жастарымыздың тағы 42,2%-ы — оқу мен жұмыстан тыс уақытта интернеттен фильм, сериал тауып, тамашалағанды жақсы көреді (38,4%-ы «кейде» осыны қалайды), — деп сараптайды Jastar ғылыми зерттеу орталығы.

Орталық сарапшыларының түсіндіруінше, қазақстандық жастар арасында бос уақытты өткізудің басқа нұсқалары мейлінше аз қызығушылық тудырады. Бос уақытында ара-тұра кітап оқытыны — негізінен 34,1%, тұрақты түрде кітапты серік еткендер — 14,1%. Театрға баратыны — кейде 22,9%, тұрақты 6,5%. Музейлерді аралауды жаны сүйетіндер — кейде 22,7%, тұрақты 5,9. Кинотеатрда көркем фильмдерді тамашалауға ынтығы — кейде 42,3%, тұрақты 19,8%. Азаматтық жауапкершілік танытып, бос уақытын қоғамдық ұйымдар жұмысына арнайтыны — кейде 23,4%, тұрақты 12,8%. Видео ойындармен уақыт өткізетіні (компьютер, приставка) — кейде 24,1%, тұрақты 14,9%. Фитнеспен және спортпен айналысатыны — кейде 28,5%, тұрақты 18%. Тегін спорт секцияларына баратыны — кейде 23,7%, тұрақты 17,3%. Қалғаны «ешқашан» деп жауап қатыпты.

Қалай болғанда, осыдан қазақстандық жас ұрпақтың бос уақытын негізінен компьютер мен смартфон экранының алдында өткізетіні байқалады. Олар онда әлеуметтік желілерді парактайды, видеохостингтерде бейнежазбаларды, «шортсты» көреді, интернеттен кино іздейді немесе компьютерлік ойын ойнайды.

Айтқандай, «Қазақстан жастары» әлеуметтік зерттеуі отандық жастардың тіпті екіге емес, үшке жарылғанын анықтаған. «Этникалық топтар тұрғысынан қарағанда қазақ тілді жастар бос уақытын өткізу үшін бірінші орында

қазақстандық (63,1%), содан соң оңтүстік корейлік (22,5%), үнділік (7,5%) фильмдер мен сериалдарды көбірек көреді. Өз кезегінде орыстiлді жастар, алдымен ресейлік (73,4%-ы), содан кейін голливудтық (54,3%), еуропалық (33,5%) фильм-телехикаяларға басымдық береді. Жапондық аниме (19,3%), түрік (32,7%), қытай (8,7%) фильмдері мен сериалдары өзге этникалық жастар тобының өкілдері арасында танымал», — деді зерттеушілер.

Енді «жастарымыз арасында қандай әлеуметтік желілер мен мессенджерлер барынша танымал?» дегенге келсек. Jastar орталығының зерттеуі қорытындысында Қазақстан жастары арасында бірінші орында WhatsApp тұр, оны 89,4%-ы тұрақты пайдаланады. Екінші орынға Instagram орналасты, тұрақты жастар аудиториясы 79,8%. Үштікті қытайлық ТікТок тұйықтады, қазақстандық жас ұрпақтың 63,9%-ына «әмірін» жүргізе алады.

Жас респонденттер арасында Телеграм (24,6%), Facebook (9,1%) пен ВКонтакте (4,7%) аса танымал емес. Жастардың 0,3%-ы ешқандай әлеуметтік желі мен мессенджерді қолданбайтынын мәлімдеген.

Әлеуметтік желі мен ғаламторды жастар не мақсатта пайдаланады? Бос уақытты өткізу үшін респонденттердің басым көпшілігі немесе 69,2% оқуға, жұмысқа және күнделікті өмірге қажетті ақпараттық контентті іздейтінін айтқан. 60,6%-ы көңіл көтеру контентін жиі қарайды. Интерактивті, қызу талқылауға шақыратын контент (33,3%), жарнамалар мен хабарландырулар (25,7%), вирустық видео мен мемдер (14,8%) сияқты контенттер онша қызықты емес көрінеді.

Жас тұрғысынан алғанда сауалнамаға қатысқандардың ең жас тобы, мектеп оқушылары басқадан гөрі көңіл көтеру (66,8%) мен вирустық видеоларды, мемдар-

ды (21,2%) тамашалауға құмар. Ал ересектері, яғни 19-23 жас тобы ақпараттық контентке басым көңіл бөледі (74,5%). 24-28 жастағылары — бос жұмыс орындары, баспана, көлік және басқа бағыттағы жарнама-хабарландыруларға (27%) және өткір тақырыптарды көтеретін сыни контентке (34,4%) ықыласты.

Ертең ел тізгінін қолына алатын жастардың креативті индустрияның барынша перспективалы бағыттарына қатысты жауабы да назар аудартады. Жас респонденттер бірінші орынға жарнама мен маркетингті (37,8%-ы) қойды. Екінші тұғырға ақпараттық технология, соның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету, геймдевелопмент, жасанды интеллект (33,5%-ы) озды. Үштікті дәстүрлі жолмен және ЖИ көмегімен кино түсіру

және дубляждау (32,8%) тұйықтады.

Сұрауға қатысушы жастардың (бір адамға үш жауапты таңдауға рұқсат етілді) ширек бөлігі дизайн мен сән саласын (21,4%-ы), ал 21,4%-ы колөнер, зергерлік бұйымдар, бижутерия, ұлттық кәдесый өнімдерін жасауды келешегі бар салалар санайды. Сол сияқты креативті өнеркәсіп секторлары ішінде сәулет өнері (19,9%), видеография мен фотография (19,2%), музыка (15,8%) да жақсы дамиды деген пікірде.

Өзге салаларды жас ұрпақ «болашағы жарқын» деп есептемейді және оларды болашақ кәсібі ретінде таңдағысы келмейді. Бұл қатарда кітап өндірісі мен әдеби өнімдер (8,4%-ы ғана перспективалы деп таныды), музейлер, галереялар мен кітапханалар (5%-ы), театр, орындаушылық және сурет өнері (4,7%-ы), радио (3,7%-ы), киім өндірісі, тігу (0,5%-ы), туризм (0,3%-ы), ұлттық сүт өнімдерін өндіру (0,2%-ы), автомобиль бөлшектерін шығару (0,2%-ы), колкілемдер өндірісі (0,1%-ы) бар. Қорыта айтқанда, қазіргі жастардың басым көпшілігі болашақ мамандығын ЖИ, айты, маркетингпен байланыстыруға ниетті.

Жалпы, сарапшылар жастардың әлеуметтік желілермен, жасанды интеллектімен, криптовалюта, мемкойн, NFT, басқа да цифрлық активтермен әуестенуінің астарында тез баюға деген ұмтылушылық та жатқанын тілге тиек етті. Әлеуметтік зерттеу кезінде жастар Қазақстанда баспана бағасының қолжетімсіз екеніне, ұлттық валютаның тоқтаусыз құнсызданатынына, инфляцияның өсіп бара жатқанына, әсіресе азық-түліктің қатты қымбаттағанына шағымданған.

— Өзіндік даму, денсаулықты сақтау мен жайлы өмір сүру сұраныстарын қанағаттандыру үшін қаржы, көп қаржы қажет. Сондықтан жастардың материалдық байлыққа ұмтылысы әбден түсі-

нікті. Бірақ көп еңбектенбей, аяқ астынан байимын, тәжірибе мен кәсіби біліктіліксіз жоғары лауазымға ие боламын деп санау жастар арасында кең тараған адасушылыққа айналды. Солай болса да жас азаматтардың саналылығы, білім деңгейі өсіп келе жатқанын және прагматизмнің алдыңғы қатарға шыға бастағанын атап өткім келеді, — деді белгілі қоғам қайраткері, ақпараттық технология мен телекоммуникациялар маманы Элина Масагутова.

Ал «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басқарма төрағасы Әділ Құсманов қарқынды ғарыштық жылдамдықпен жарысқан заманда қазіргі жастардың ЖИ және әлеуметтік желілер беретін мүмкіндіктерді белсене пайдаланып, тез табыс табуға, сөйтіп өмір сүру сапасын жақсартуға іңкәрлануы қалыпты жайт екенін білдірді.

— Бүгінгінің жастары жақсы тұруды қалайды, ата-әжелері, әкешелері сияқты тауқымет тартып, оған үнсіз төзгісі келмейді. Жас ұрпақ өз құнын біледі, өршіл мақсаттарға ұмсынуына әлеуметтік желілер ықпал етеді, жөн-жоба көрсетеді. Бірақ осы талпыныста жастар бос амбицияларға, сырттан таңылған негізсіз мотивацияға тәуелді болу мен өмір шынайылығы, уақыт талабы, заманауи қажетті дағды арасын ажырата білуі қажет, — деді Ә.Құсманов.

Сарапшылар қазіргі жастардың материалдық байлықты бірінші орындарға қоюына түрлі фактор түрткі екеніне екпін түсірді. Біріншіден, отбасындағы және мектептегі тәрбиені ғаламтор, әлеуметтік желі, енді міне — ЖИ ауыстырып жатыр. Жастар интернетте өзгелердің сән-салтанатты өмірін көреді, өз өмірімен салыстырады және бұл олардың материалдық құндылықтарға ұмтылысын күшейтеді.

Екіншіден, заманауи жаһандандудың экономикалық шарттары экономикалық тұрақтылық пен материалдық қамтылуды өмір сапасының маңызды көрсеткішіне айналдырды. Үшіншіден, қазіргі қоғамдағы қатаң бәсекелестік жас азаматтарды өз әлеуетін барынша жүзеге асыруға, материалдық жайлылыққа жетуге жетелейді. Аға ұрпақ кеңес заманында барлығының бірдей тұрмысы төмен, кедей өмір сүргеніне бой үйретсе, соған көндірсе, қазіргінің адамы аутсайдер, лузер, елдің қоры болғысы келмейді.

Олардың ынта-мотивациясы аға ұрпақ сияқты тұрақтылық пен жарқын болашақ сияқты ұзақмерзімді перспективамен емес, көбіне дәл қазір, жедел жайлылыққа жетіп, ұсынылған мүмкіндіктің бүкіл ресурсын жылдам, сарқа пайдалануға бағытталған. Сарапшылар Қазақстанның болашақ үкіметтеріне халықты қолдау бағдарламалары мен жобаларын жастар сұранысына бейімдеп, үнемі өзгертіп отыруға тура келетінін ескертті. Себебі жастарды жанықтыратын, көңіліне желік беретін ЖИ мен цифрлық әлем ел өміріне деңдей енсе, онда биліктен олармен ере келетін сын-тегеуріндерге төтеп беру, лайықты жауап қату, тиісті дәрежеде тиімді іс-қимыл таныту талап етілмек.

ТҮЙТКІЛ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Қазан айының үшінші жексенбісі – орманшылар күні. Бұл орайда елдің табиғи байлығын қорып, ыстық-суыққа қарамай, аянбай еңбек етіп жүрген орман саласы мамандарын елеусіз қалдыруға болмас.



Жерлерді сақтауға, табиғи үйлесімді тұрақтандыруға үлесін қосып жүрген басты мамандардың бірі де – орманшылар. 2022 жылы Қостанай облысында, 2023 жылы Абай облысында болған өрттен кейін орманшылардың мүддесі ескеріле бастады, дегенмен түйткіл әлі де жетерлік.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің берген ақпаратына сүйенсек, мемлекеттік орман қорының жалпы алаңы – 31 375,5 мың гектар, бұл республика аумағының 11,5 %-ын алып жатыр. Орманмен жабылған жерлердің көлемі – 13 898,7 мың гектар болса, орман қорының жалпы алаңы – 44,3 %. Республика бойынша орман деңгейі – 5,1 %. Ұланғайыр қазақ даласы үшін бұл көрсеткіш аз екені рас. Сондықтан Мемлекет басшысы 2020 жылғы Жолдауында 2 миллиард ағаш отырғызу жөнінде тапсырма берген еді, алайда 5 жылдық жоспар толық орындалмауына байланысты 2027 жылға дейін қайта ұзарды. Биыл елімізде 2 миллион ағаш егілсе, кейінгі 3 жылда 1 миллиард 150 мың ағаш отырғызылған. Алайда егілген ағаштардың жай-күйі жөнінде ақпарат ала алмадық.

АҒАШТАР ЖАУЫН ЖАУСА ДА, АУЫРАДЫ

Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы «Үлкен Борсық» орман шаруашылығының орман шебері Әмірхан Шудабайұлы Ақтөбе өңірінде жердің шөлейттеніп бара жатқанын, ағаштарға көп күтім керек екенін айтты.

— Өз жауапкершілігімде 2 мың гектар жер аумағы бар, оған карасексеуіл, жыңғыл мен қаратал орманы кіреді. Соны қорып, бағып-қағып, күтім жасап отырмын. Рас, жер шөлейттеніп бара жатыр, біз де оны көзбен көріп, байқап жатырмыз. Бұрын территориямызға қандай тал ексек те, жерді теуіп егіп тастай беретін едік. Қазір мықты күтімді қажет етіп тұр. Он тал ексең, кемінде үшеуі, тіпті бесеуі шықпай қалады. Қазір қатты күтім керек, білесіз бе, ағаштар жауын жауса да, ауырып қалады. Жаңбырмен бірге тұзды заттар қосылып, талды, жаңа еккен көшеттерді күйдіріп тастайды. Біз күзде тұқым жинап, карасексеуілдерді тәлімбаққа отырғызамыз, дәннің барлық түрін егеміз, жаздай қарап күтеміз. Келесі көктемде белгіленген аумаққа егеміз. Адамның қолды қылып, тиісуінен, малдың таптауынан, орманның тағы бір


жауы – зиянкестерден қорып, үзбей күтеміз, — дейді орман шебері.

Орманшының сөзінен түйгеніміз, ағашты отырғызу – бір басқа, оны күтіп-баптау – бөлек әңгіме. Бізді бүгінге дейін егілген 1 миллиардтан аса ағаштың жай-күйі ойландырады... Мұнымен қатар тал, қарағай, сексеуіл сантиметрлеп өсетіндіктен, екі есе күтім керек, олар ұзаса жылына 10-15 см ғана өседі екен. Әйтсе де, Әмірхан орманшы өзі қарайтын Шалқар ауданындағы орманның жағдайы жақсарғанын, күтімнің арқасында аумақтың ұлғайып, саланың жаңғырып жатқанын айтты.

— Жұмысымыз 1995 жылы бастадым, бүгінге дейін орман саласында еңбек етіп келемін. Қазіргі орман шаруашылығының жұмысы едәуір ілгерілеп қалды. Жақсы техникамен, киім-кешекпен қамтамасыз етілдік. Жер көлемі де ұлғайып жатыр, карасексеуіл, қаратал, тобылғы, жыңғыл, қарағай көлемі артты. Кейінгі жылдары техникалармен қамтамасыз етіліп, өрт сөндіру көліктері, жер жыртатын тракторлар келді. Ең бірінші, өрт қауіпсіздігінен сақтанамыз, басшылық бұл жағдайды қатты қадағалайды. Қауіпсіздікті кезекпен қараймыз, — дейді орманшы.

ОРМАНШЫ – ӘУЛЕТ КӘСІБІ

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінше, орман саласында 17 429 адам қызмет етеді. Табиғатты, елді, жерді сүйген орманшылар бұл саланы отбасылық кәсіпке де айналдырған. Мысалы, еліміздің шығысында, Ақмола,



Алматы облыстарында үш ұрпақты жалған, әулетімен орманшы маман көп. Соның бірі – Іле Алатауы ұлттық паркінде еңбек ететін Мәлік Темірханұлының отбасы. Мәлік Темірханұлы орман саласында 40 жыл еңбек еткен, биыл зейнетке шығып, ұлы Тимур әке орнына қызметке кіріскен. Әкелі-балалы орманшылардан саланың қызығы мен шыжығын, қиындығы мен мәселесін де сұрап-білдік.

— Ол кезде қазіргі Іле Алатауы ұлттық паркі ұлттық табиғи бак болып есептелген. Осы бақта қызмет істегеніме 30 жыл болды. Салаға алғаш келген кезім өте ауыр кезең еді, 1996 жылы жалақымыз 1 мың теңге болатын, одан кейін ақырындап көтерілді. Қазір жалақымыз 250 мың болды, бірақ ойлап қарасаңыз, ол да аз. Дүкенде бәрі қымбат, орманшылардың бала-шағасы мектепке, балабақшаға барады. Солардың киімі бар, балабақшаның ақысын төлеу керек, сондықтан да орманшылар қиналады, — дейді ол.

қырғауыл, жабайы үйректер де бар, үй жағымыздан тырналар да ұшады. Кейбір жабайы үйректер, мысалы италақаз қыста да осында қалады. Тауда жүргенде сілеусінмен бетпе-бет кездесіп қалғаным бар, арамыз 5-6 метр ғана. Қасқырмен де солай түйісіп қалғанмын, бірақ олар адамнан қорқады, адамды иісінен-ақ сезеді, өз бетімен адамға шаппайды. Ең қауіптісі – аю. Қонжығы ештеңе түсінбейді, адамға қарай ойнаймын деп жүгіреді. Енесі алдыңызға түсіп қалса, шаруаңыз бітті, адам ба, басқа ма, ештеңеге қарамайды, қонжығын құтқарамын деп жүгіреді. Басқа жағдайларда кез келген аң адам иісін сезсе, кері бұрылып кетеді, — дейді табиғаттың тілін білетін маман.

Табиғат тылсымын көп көрген М.Темірханұлы 1999 жылы ауылдағы көршісінің қорасына барыс кіріп, бір түнде 30 қойын қырып кеткенін баяндап берді. Оның сөзінше, ертесінде мамандар келіп, қораға кірген барыс кәрі барыс екенін

ОРМАНШЫ ҚАРАП

Орманшының туған жері – Горный Гигант ауданы. Бұл жер кезінде алманың нағыз отаны болған, Мәлік Темірханұлының әкесі алма бағында бағбан болып қызмет еткен екен. Осылайша, орманшы бала кезінен әке тәлімін алып, тауда жүріп, табиғаттың небір тамашасын көреді. Табиғатқа деген махаббаты орман шаруашылығы саласына жетелейді. Қарт орманшы саланың оңай емесін, еңбексүйгіш болу керек екенін айтады.

— Ағаш егіп, оны күтіп-баптап, түбіндегі шөптерін жұлып-тазалаймыз, күздігүні шыршаға орын дайындаймыз, көктемде егеміз. Әр орманшы ертемен өз аумағына шығып кетеді, аңдарға қысы-жазы тұз саламыз, қысқа азық ретінде шөп дайындаймыз. Сыпыртқы дайындап, оларды ілеміз, тақыр жасап қойып, соған шөбін, тұздалған сыпыртқыны саламыз. Қатты қар жауғанда, аңдар сол жерден азықтанады, — дейді М.Темірханұлы.

Расымен, орманшы шаруасын оңай деп ойламаңыз, орман жанашыры тек ағаш күтіп-баптаумен айналыспайды, орманның аң-құсы мен өсімдігіне жауап береді, әр тасына дейін қызғыштай қориды.

— Орманшылық ғұмырымда небір ғажап аңды көрдім. Аю, сілеусін, қасқыр, барыс, таутеке, елік дейсіз бе, қысқасы арқардан басқасының бәрін көргем. Ұлар,

анықтаған. Талай адам ол барысты көрген де, барыс адамға ешқашан шаппайды дейді. Тауда таутекені қуып жететін күші жоқ, амал жоқтықтан, қорадағы малға түсіп, ауылдарға келеді екен.

Біз Мәлік Темірханұлының ұлымен де сөйлесіп үлгердік, орманда байланыс нашар болғандықтан, ол қысқа қайырды.

— Әкем өмір бақи орманшы болды, маған әкемнің мамандығы ұнады, жанында кішкентайымнан бірге жүрдім. Тауда жүрдік, бірге ағаш ектік, алаң құрдық, өртті де көрдім. Табиғатқа жақын болу, орманды қорғау ұнап қалды, бірақ әлі мол тәжірибем жоқ, жұмысқа кіргеніме 7 айдан асты. Биыл өрт болмады, шүкір дейміз. Не үшін бұл салаға жастар келмейді? Біріншіден, айлық аз. Екіншіден, қала жастары біз секілді күнде тауда жүрген жоқ, көзбен көріп-білмеген соң оларға қиын деп ойлаймын. Өзім Семейдің Агробизнес институтының түлегімін, — дейді Тимур Мәлікұлы.

Қазақстан орманды дала, шөлейт, шөл, жалпы төрт түрлі климаттық белдеуде орналасқандықтан, орманы да әркілі. Экология және табиғи ресурстар министрлігі дерегінше, Қазақстандағы ормандар біркелкі таралмаған, орман


ТҮЙТКІЛ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

өсімдіктерінің түрлері табиғи аймақтардың әртүрлілігіне байланысты қалыптасқан. Шөл аймақтарында сексеуіл, таулы аймақтарда, айталық, Алтай, Жоңғар және Іле Алатауында қарағайлы-шыршалы ормандар өседі. Далалық және орманды-дала аймақтардың жазық бөлігінде қайыңды-қарағашты тоғайлар, жеке орналасқан қарағайлы ормандар және Ертіс маңындағы таспалы ормандар бар. Табиғаттың әркелкілігіне қарай әр орманның өз қатері мен қиындығы жетеді. Мысалы, батыс және оңтүстік өңірлерде құрғақшылық айқын байқалса, ал оңтүстік-шығыс орманшылары Іле Алатауындағы мұздықтардың еріп жатқанын айтады. Мұздықтар еріген сайын тау жыныстары көшіп, бір сағатта неше мәрте тас құлайды, топырақ массасы құлдилап төмен сырғиды, таудағы сел қаупін де ұмытпаған жөн. Бұл кезде де басын қауіпке тігетіндер — таулы ормандағы мамандар.

қорғау» РМК десантшы-өрт сөндірушілеріне дәл осындай қосымша ақы төлеу енгізілді. Орман өртінен бұрын қызметкерлер 40-100 мың арасында жалақы алған болса, қазір 200-250 мың көлемінде жалақы алады. Дегенмен бұл қаржы да аздық ететіні белгілі.

Орман қорын қорғау және орман шаруашылығын жүргізу мақсатында республикада 160 табиғатты қорғау және орман шаруашылығы мекемесі мен кәсіпорын жұмыс істейді. Онда 17 429 қызметкер еңбек етеді (оның ішінде: 8 165 қызметкер — Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомствосында, 9 264 қызметкер — жергілікті атқарушы органдарда), сонымен қатар 4 553 штаттан тыс қызметкер бар. Жалақы тек штаттағы мамандар үшін өскенін айта кету керек, ал штаттан тыс мамандардың жалақысы өспеген. 2023 жылы 18 қыркүйекте жауапты министрлік «Қосымша үстемеақы штаттық қызметкерлерге қарастырылған. Мүдделі мемлекеттік органдармен келісу барысында



Елде орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі ресми түрде ең жауапты әрі қауіпті мамандықтардың қатарына жатқызылған. 2025 жылғы 26 маусымда №198-VIII «Орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері

ӨРТТЕН СОҢ ТЕХНИКА КЕЛЕДІ

Байқағанымыз, елдің әр өңірінде техникалық құрал-жабдыктармен қамтамасыз етілу деңгейі де әртүрлі. Мысалы, ормандағы жан-жануарға санақ жүргізудің де әдістері ескірген, мамандар анның ізіне қарап санайды, түнгі тұзақ қою, фотоға түсіру арқылы санайды. Ал бұлай санау елдегі жануар қорының нақты есебін бере алмайды, тіпті жануар саны біз ойлағаннан да аз болуы ғажап емес. Р.Сәрсенбекқызының сөзінше, қазір дронмен санау, дронмен бақылау техникасы жетілмеген. Орманшыларда, орман өрт сөндірушілерінің қолында дрон болатын болса, қай уақытта, қай жерде өрт шығып жатқанын білер еді. Орман жағдайын бақылап отыратын ешқандай құрал-сайман жоқ дейді. Шаруашылыққа келіп жатқан көліктер, құрал-жабдықтар тек басшылық қызметтегі мамандарға беріледі. Орманшыларға көлік те берілмейді. Бұл — Сайрам-Өгем ұлттық паркіндегі жағдай.

Ал Бурабай орманының орман шебері Бауыржан Серікжанұлы тың жаңалықтардың, өзгерістердің барын айтады. «Аумақты әуеден бақылауға арналған дрондар, смарт-бақылау жүйесі, бақылау мұнаралары орнатылды, қызметкерлер радиобайланыс құралдарымен қамтамасыз етілді, техникалық парк те кезек-кезеңімен жаңартып келеді» дегенді айтты. Бір ескеретіні, Бурабай ұлттық паркі — Орман шаруашылығы комитеті емес, тікелей Президент Әкімшілігіне қарасты жалғыз парк. Өзге өңірлердегі жағдай сол себепті мүшкіл ме, әлде басқа себебі бар ма деген ой келді...

Шығыстағы өрттен кейін «Семей ормандарына» көңіл бөлініп, өртті ерте анықтау жүйесін орнатуға республикалық бюджеттен 3,1 миллиард теңге бөлінген. Жергілікті атқарушы органдардан 19 өрт сөндіру машинасын, 3 ШОПК, 17 трактор, 38 патрульдік автокөлік, 40 бейнебақылау камерасын (жалға алуға), 509 байланыс құралын, 66 ұшқышсыз ұшу аппараты, 83 өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі және 1 319 тіркемелі құрал-жабдық алынып, 5 өртбақылау мұнараларының құрылысына 5,9 миллиард теңге бөлінген. Бұл — жақсы жаңалық, дегенмен ұлттық парктердің барлығында орманшыларды техникалық құрал-жабдыктармен қамтамасыз ету. Кейінгі 10 жылда орман өртінен еліміздің 100 мың гектардан аса орманы жойылды. Орман өрттерінен кейін табиғатты қайта қалпына келтіру үшін кемінде 30 жыл уақыт керек екен. Сол себепті де, орман қауіпсіздігін күзететін тыныштық күзетшісінің, яғни орманшының халін бүгін ойлаған абзал-ау...

Айсұлу СЫЕЗХАН

ОРМАНҒА ОЙЛАНАДЫ



Орманшының сөзінен түйгеніміз, ағашты отырғызу — бір басқа, оны күтіп-баптау — бөлек әңгіме. Бізді бүгінге дейін егілген 1 миллиардтан аса ағаштың жай-күйі ойландырады... Мұнымен қатар тал, арағай, сексеуіл сантиметрлеп өсетіндіктен, екі есе күтім керек, олар ұзаса жылына 10-15 см ғана өседі екен.

ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖҮГІ АРТТЫ

Жоғарыда орманшылардан жұмыстың қиындығы мен орманшы міндеттері жайында біраз ақпарат білдік. Маңызы жоғары, ауыр еңбек иелерінің жалақысы да соған лайық болу керек екені анық. 2023 жылы «Семей орманында» 60 мың гектар жерді шарпыған ірі өртте 14 орманшы қайтыс болған еді. Осы ахуалдан кейін Мемлекет басшысы саладағы олқылықтарды реттеуді тапсырды. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінше, әлеуметтік қолдау шарасы ретінде 2023 жылдан бастап мемлекеттік орман күзеті қызметкерлеріне денсаулық пен өмірге қауіп төндіретін жағдайларға байланысты жұмыс үшін лауазымдық жалақысының 100%-ы мөлшерінде үстемеақы белгіленді. 2024 жылдан бастап орман иеленушілердің орман өрт сөндіру қызметкерлеріне және «Қазавиақорман-

қаулы ережелеріне сәйкес штаттан тыс қызметкерлерге үстемеақы тағайындау мәселесі қолдау таппады, өйткені олар сала мамандары емес» деп ақпарат берген еді. Шын мәнінде, сол штаттан тыс деген қызметкерлердің ішінде өртті сөндіруге бірінші баратын мамандар бар. Осы кезде орман саласында еңбек ететін 150-ден аса қызметкер министрге де хат жазғанымен, еш өзгеріс болмаған. Бұл жағдайдан кейін мамандардың көбі жұмыстан кетіп, мамандығын ауыстыруға мәжбүр болған. Біз 2 жыл бұрынғы Семей өртінен кейінгі ахуал жөнінде «Семей орманы» мамандарына хабарласып, мән-жайды білмек едік, өкінішке қарай жауап ала алмадық. Орманшы Мұхаметқали Кульдиқовтың ұлы «әкеміздің жолын қуып, екі баласы осы саланы оқыдық, бірақ жалақысын аздығынан соң екеуіміз де әскери салаға ауысып, сол жақтан өстік» деп қана жауап берді.

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Атырау аспаны ерекше шуаққа бөленді. Себебі туған жері ұлы перзентін, яғни Жүмекен Нәжімеденовті ұлықтады. Ақ Жайықтың жағасында жыр мен сырға толы ақынның 90 жылдық мерейтойы аталып өтті. Еркіндік пен рухты өлеңіне арқау еткен жыр алыбының есімі уақытпен бірге жаңғырып, қайта жаңарып жатыр. Жүмекен жыры – қазақ рухының айнасы, әділдік пен ардың өлшемі.



Гүлзина БЕКТАС

«ЖӨРГЕК ИІСІ АҢҚЫҒАН...»

Оның өлеңдері талай жан-ның жадында жатталып, санасында сақталған. «Туатұғын секілді бүгін-ертең, мраморға жазылар бір өлеңім» деп жырлаған ақын өлеңдері мраморға емес, жүректерге өшпестей болып жазылғаны ақиқат. Олардың ішінде шоктығы бйігі – әрине, «Менің Қазақстаным».

«Кей сөзінен құмның иісі анкитын, кей сөзінен мұңның иісі анкитын» ақынның алты Алашын жанындай сүйгені анық. Оны жыр жампозының бүкіл өлеңдерінен байқауға да болады. Қызығы «...ойынан жөргек иісі аңкитын» ұлы жүрекке ұлын сүюді өзі туған топырағы, қасиетті мекені үйретсе керек.

Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің Жүмекеннің «жеңілдігі – көбіктей, ауырлығы – табыттай» дейтін өлең жолына ерекше тамсанып, «Иірімде» жазғаны бар. «Мұндай тіркесті Жүмекен ғана жаза алса керек-ті» дейтін ақын.

Ақын өмірінің жалғасы бес перзенті бар. «Бес бұтағы», бірін маңдайынан сүйіп, бірін иіскеп, сағынышына, жүрек жақұтына айналған бес перзент әке есімін ұмыттырмай, аманатына адалдық танытып келеді. Қарлығаш Нәжімеденова Атырауда өткен мерейтойға қатысып, жүректерге жазылған әке өлеңін естіп, қанаттанып қайтты.

«Әкем Жүмекен Нәжімеденовтің 90 жылдық мерейтойына қатысып, үлкен әсер алдым. Әкем жанымда жүргендей болды. Біз әке өлеңдерін отбасында жиі естіп өстік. «Менің Қазақстаным» 2006 жылдан бастап Әнұранға айналды. Сабырден атамнан бір ұл, екі қыз тараған: ұлы – Жүмекен, қыздары – Жаңылсын мен Сәбила. Әкемнің прозасы бөлек. Оның ішінде «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңк пен дақырт» романдарын ерекше бағалаймын. Сол үш шығармасы

желісінде көпсериялы фильм түсірсе деген арманым бар.

Әкем тартқан күйлері таспаға басылып, 2005 жылы шықты. Әкем мен анам отбасын құрғанда үш есімді дайындап қойыпты: Әйкен, Назкен, Бикен. Әйкен 1958 жылы дүниеге келді, Назкен бірақ шетінеп кетті, мен туғанда қыздардың аттарын сәйкестігін ауыстырып, Қарлығаш деп қойды. Тоғжан Мағжаннан кейін туған. Есімін анамның өзі қойды. Әкем өмірден өткен кезде 21 жаста едім. Әке бейнесі жүректе мәңгі сақталады. Күйшілік дәстүрін жалғастырған Аккербез, Самал мен Саиданың қыздары. Ұлы Мағжан мен менің ұлым Максаттың күй тартатын өнері бар. Максатты анам өзі жетектеп, Карима Сахарбаева деген домбырашыға апарды. Ондағы ойы – әкемнің тартқан күйлерін меңгерсе дегені. Максат әкем орындаған күйлерін тартып отырғанда, анам ерекше күйге бөленетін. Арман көп: бастысы – әке жакқан өлең отын өшірмей, Жүмекен жырын насихаттап отырсақ» дейді Қарлығаш апай.

Жүмекен жыры – мәңгілік. Ол өмірдің өткіншілігін емес, рухтың өшпес отын жырлады. Сол от бүгін де жанымызды жылытып, жүрегімізге жарық түсіріп келеді.

«БЕС БӨБЕГІМ, БЕСЕУІ ДЕ АСЫЛ МАҒАН»

Саида Нәжімеденова – Жүмекен ақынның сүт кенжесі. Осыдан 30 жыл бұрын «Қазақстан әйелдері» журналына берген сұхбатында: «Өз ұғымыма әкем үлкен қасиетті кісі болатын. Өзіне тән қарапайымдылығымен, әзіл-қалжыңымен ерекше боп көрінетін. Көп ақынға тән мақтану, көлгірсу, менмендік әкеме жат қасиеттер еді. Ол үнемі қарапайым боп жүретін. Жаны адал, ақкөңіл, сезімі пәк еді. Әкем өте балажан адам еді. Балаларының бәрін де жақсы көретін. Үлкен апам Әйкенді «Менің ақылшым, сүйенішім» деп үнемі үлкен кісімен сөйлескендей ақылдасып жүретін. Одан кейінгі Қарлығашты да еркелетіп, ерекше жақсы көретін. Кар-

лығашқа арналған «Ақ көгершінім» дастаны әкемнің балаға деген нәзік сезімінің куәсі десе болғандай. Ағам Мағжанды «Ақ Мақа» десе, маған тете апам Тоғжанды «Ақ Тоқа» деп еркелететін. Әкем үшін бәріміз де әппақ болып көрінуші едік. Әкем мені де «әппағым, ақ қызым» деуші еді. Қайда барса да қасынан тастамай алып жүретін. Кейін мектепте оқып жүрген кезімде, қонаққа баруға ұялып, өзім бас тартсам да: «Баламды ұнатпаған адам мені қонаққа шақырмай-ақ қойсын!» деп ертіп кететін. Әкем ұйықтар алдында Мағжан мен Тоғжанның маңдайынан сипап, менің басымды иіскеп барып төсегіне жататын. Мені «Саидокдок-док»

деп мейірленетін. Балаларының бәрін тең ұстаса да, кенжесі болғасын ба, мені қатты еркелететін» деп жазады.

Жүмекеннің жырына үңілген жан өз жүрегін көреді. Оның өлеңінде еркіндік бар, ел бар, тағдыр бар. Жүмекен ақынның кенжесі Саида Нәжімеденоваға ақын туралы, әке туралы сауал қойған едік.

– Әкеңіз 21 жасында Әнұранның, яғни «Менің Қазақстаным» әнінің сөзін жазды. Ән туралы, әннің

Әкем күйді керемет тартатын. Кішкентай кезінен бастап домбыра тартуды үйренген. Солақай күйші болатын. Алматы консерваториясында оқып, музыканың тарихын жан-жақты меңгерген адам.

тарихы туралы отбасында айтылатын ба еді? Алғаш Әнұранға айналған кезі есіңізде ме?

– «Менің Қазақстаным» әнінің тарихы туралы анамыз жиі айтатын. Ол өлеңнің қашан, қалай дүниеге келгенін анамыз өзінің «Жүмекен – құдірет» атты естелік кітабында жазған. Сонымен қатар әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған сұхбаттарында да әннің тарихын жан-жақты баяндады. Анамның кітабынан үзінді келтірейін: «Жүмекеннің «Менің Қазақстаным» қазақ ұлтының жүрек тебіренісін сомдаған шынайы туынды екенін уақыт дәлелдеп отыр. Бұл ақынның көкейкесті арманы – болашақ қазақ елінің тәуелсіздігі жайында армандауға ғана, түс көруге ғана болатын кезеңде жазылған өлең. Ол кезде тәуелсіздік жайында жақ ашып, үн шығару мүмкін емес еді. Алып империяның бұғауына сыймауы – кенестік идеяның шарықтап тұрған кезінде «Менің – елім, менің – жерім, қазағым» деп сол кездің өзінде ашықтан-ашық жігерлі жыр жазуы, оның егемендік алған еліміздің Әнұранына айналуы еді».

Әрине, бұл ән алғаш рет 2006 жылы мемлекеттік Әнұран болып қабылданғанда ерекше қуандық. Шын мәнінде, өлеңнің

мәтіні де, әні де нағыз гимн болуға лайық. Оны уақыт дәлелдеді. Елдің нағыз сүйікті Әнұранына айналды. Бұл әнді білмейтін қазақ жоқ десе де болады.

– Жүмекен ағаның анасы Мүслима 15 жасында тұрмысқа шығып, төрт жылдан кейін сәбиін өмірге әкелген екен. Анаңыз Нәсіп енесінің «Жүмекенді кімешектің ішінен мойныма кара ала тұсау салып жүріп құдайдан тілеп алдым ғой» деп айтқанын жазады. Әкеңіз анасы туралы толғау жазды ма?

– Мүслима әкеміз 1915 жылы дүниеге келіп, 1986 жылы қайтыс болды. Біз кішкентай кезімізден бастап әкеміздің тәрбиесін көрдік. Мүслима әкеміз аз сөйлейтін, өте төзімді, адал адам еді. Өте балажан кісі болатын, бізге бір ұрысып, дауыс көтерген жоқ. Әкем өз анасына арнайы толғау жазбаса да, анасының өмірін «Ақ шағыл» романындағы Мұғзима образы арқылы берген. Әкемнің өлеңдерінде анаға деген ерекше сый-құрметі көрінеді. Оған дәлел – «Ақ сүт» деген өлеңі. Сонымен бірге «Келін» поэмасындағы образынан да өз анасына деген, бүкіл қазақ келіндеріне деген ерекше құрметін көруге болады.

– Жүмекен Нәжімеденов – ақын ғана емес, проза мен аударма саласының да үздігі атанған қаламгер. Ол кісінің шығармалары (прозасы) жиі насихатталмай қалатын секілді. Әлде ақындығы басым түсіп кете ме?

– Әкем әдебиеттің барлық саласында, оның ішінде поэзияда, прозада, көркем аударма жасауда қыруар еңбек етті. Әдебиет әлеміне поэзиямен келді. Одан кейін 1973–1977 жылдары үш роман, бірнеше әңгіме-повесть, хикаяттар жазып, прозада көрінді. Аударма саласында да түпнұсқасынан асып түсетін көркем туындылар жазды. Қай жанрада жазса да, өнімді еңбек етіп, өзіне тән поэтикалық өрнегін сақтады. Мен үшін әкемнің поэзиясы мен прозасы бір өзеннің қос арнасы сияқты, екеуі де бір рухтың, бір дүниетанымның көрінісі. Сондықтан шығармаларын бір-бірінен бөле жармай, тұтас бір рухани әлем ретінде қабылдаймын. Әкемнің шығармашылық лабораториясына үңілген зерттеушілер бұл жанрларды біртұтас дүние деп талдаса ғана оның ішкі әлемінің терең тұңғығына бойлай алады деп ойлаймын.

– Әкеңіздің керемет күйші болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Ол күйшілік дәстүр туралы «Күй кітабын» жазып қалдырды. Қазір ол кісінің шерткен күйлері архивте сақталған ба?

– Әкем күйді керемет тартатын. Кішкентай кезінен бастап домбыра тартуды үйренген. Солақай күйші болатын. Алматы консерваториясында оқып, музыканың тарихын

жан-жақты меңгерген адам. Күйдің құдіреті мен табиғатын әкем терең түсінді. Ол үшін күй ұлттың жаны мен тарихының үні еді. Сол күйлердің ішкі мәнін, рухани тереңдігін шынайы ұғынудың арқасында 1967 жылы «Күй кітабы» деген жыр жинағы жарық көрді. Бұл жинақ қазақ поэзиясына музыкалық поэтика мен ұлттық рухтың жаңа тынысын әкелді. Сол кітап негізінде 2005 жылы аудиодиск шығарылды. Онда поэзия мен күй бір арнада тоғысып, әкем жырлаған өлеңдердің рухы қайта жаңғырғандай әсерге бөлейді.

Әкем Абылдың «Абыл», «Нарату», Баламайсанның «Баламайсан», Динаның «Әсем қоңыр», Тәттімбеттің «Сылкылдақ», Мәменнің «Қайғылы кара», Құрманғазының «Кішкентай», Дәулеткерейдің «Көркем ханым» күйлерін, халық күйі «Аксас құлан» сияқты орындалу техникасы жағынан өте күрделі күйлерді шебер орындады. Осы тоғыз күйді 1968 жылы атақты шаңқобызшы Гүлсара Піржанованың күйеуі атақты геолог Бәнсәтдин Күздебаев өзінің магнитофонына ұнтаспаға жазып алған екен. Кейін бұл күйлер нотаға көшірілді. Аталған күйлер нотасымен бірге әкемнің архивінде сақтаулы.

– Оның «бес бұтағы» – «бірін иіскеп, масайып, бірін сүйіп басын жазатын» бес перзенті екені белгілі. Ұлының есімін Мағжан деп қойды. Мағжанды алаш қайраткерінің құрметіне қойғаны анық. Одан кейінгі балаларына есім қандай белгілі бір ерекшеліктер болды ма?

– Әкем өте балажан кісі еді. Балаларының бәрін жақсы көріп, еркелететін. Бес баласын «бес бұтаққа» теңеп, ерекше өлең жолдарын да арнаған: *Бес бөбегім, бесейі де асыл маған, Асыл оймен жаңарам, жасылданам. Бірін сүйсем – масайып қаламын да, Екіншісің иіскеп – басым жазам.*

Анамыздың айтуынша, әкем мен анам үйленгенде ұш қызының есімін Әйкен, Назкен, Бикен деп дайындап қойған екен. Әйкен 1958 жылы дүниеге келді, одан кейін 1960 жылы Назкен дүниеге келді, ол 8 айында суық тиіп, шетінеп кетті. 1962 жылы анамыз қыз босағанда, әкем Бикен деп қойғысы келген екен, әкемнің жолдастары: «Балалардың атын ұйқастыра берсең, ұл болмайды», – деп айтыпты. Содан кейін әкем қызының атын Қарлығаш деп қойды. Қарлығаштан кейін жалғыз ұлы Мағжан дүниеге келеді. Оған әкем сол заманда атын атауға да қорқатын, қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың есімін берді. Одан кейін дүниеге келген қызға анамыз Абайдың ғашығы Тоғжанның есімін өзі қойған екен. Ал менің атымды ұлы кемеңгер Әбіш Кекілбаевтың ұлы Әулет қойыпты.

Балаларына ат қоюдың тарихы осындай. Ал әкемнің төрт немересінің аты өз шығармаларынан алынды. Мысалы, әкемнің «Ақ шағыл» романындағы кейіпкерлерінің есімімен анам өз немерелеріне Темірәлі, Идаят, Талжібек деп ат қойды. Біздің ұлымыз Жанайдар да әкемнің поэмасының кейіпкері.

МӘДЕНИЕТ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Білемін деген қазақтың өзі мүдірмей 10-ға жуық ұлттық аспаптың атын атап беруі мүмкін. Бірақ қазақта 120-дан аса аспап барын көбі білмес. Тек үрмелі аспап түрлерінің өзі 22-ге жетеді. Ішінде ұмыт бола бастағаны бар, қолданыстан шығып бара жатқан көне аспап бар, бәрін-бәрін Астанадағы Өнер музейінен табуға болады. Жақында осы мәдени орынға бардық. Сонау соғыс кезінде қолданылған аспаптан бастап, бүгінгі ән-күй саласының майталмандары сахнаға шығарып жүрген аспапқа дейінгісі бар. Егер басқа да халықтардың мұрасын қоса есептесек, музейде бас-аяғы 1 600-ден асатын аспап бар екен.



А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Шағын ғимараттағы музейдің бірінші залында этнографиялық бұйымдар қойылған. Қазақ қызының әр жасында киетін баскиімі, кимекшектің түрлері, ерадамның баскиімдері залды толтырып-ақ тұр. Бұдан бөлек, тұрмыста тұтынатын дүниелер де қаз-қатар тізілген.

Музейдің басшысы Баянды Сахарияұлының айтуынша, мұнда сирек кездесетін және ұмыт бола бастаған аспаптарға ерекше назар аударылған. Атап айтсақ, желбуаз, мес сырнай, үйлек, тастауық және баска да көне аспаптар екінші залға қойылыпты. Мұндай аспаптың бәрін музей қызметкерлері қолдан жасаған.

— Экспонаттарды қызметкерлеріміз өзіміздің шеберханада жасайды. Этнограф ғалым Шамғали Сарыбайұлының атындағы шеберханамызда көне, ұмыт болған аспаптарды әртүрлі тәсілмен қалпына келтіріп жасайды. Ахмет Жұбановтан бастап Акселу Сейдімбекке дейінгі қазақтың жоғын жоқтаған, ұлттың этнографиясын, салтын, тұрмысын, дәстүрін, ғұрпын түгендеп, зерттеген ғалымдардың еңбегін парактап отырып, біраз аспап-

ҰМЫТЫЛА БАСТАҒАН

ҰЛТТЫҚ АСПАБЫМЫЗ КӨП

Ауыз әдебиетінде Жошы хан әңгімесі бойынша, домбыраның ішегіне қорғасын құйылып, көмейіне ойық түсті деген әпсана бар. Соның нағыз үлгісі — сылдырман домбыра болуы мүмкін деген болжамды мысалды естідік. Ол — ирандық бағыттағы аспап. Аспаптанушы, зерттеуші, қалпына келтіруші Азамат Бақияның айтуынша, қазіргі домбыраның үлгісі 30-шы жылдары ғана шығып, кең таралған. Оған дейін домбыраның бұл түрі мүлде болмаған. Бұл — Камар Қасымов пен ағайынды Борис және Эммануил Романенколардың бірлесіп тапқан аспабы. Орыстың прима аспабының үстіңгі жағын домбыраға ұқсатып жасаған. Аспаптанушының айтуынша, домбыраның қай түрі болмасын, олар әр өңірде әртүрлі пішінмен жасалған. Оған жергілікті өңірдің ағашы да маңызға ие. Соған байланысты төкпе, шертпе күйлер пайда болған.

Көне аспаптардың сүйемелдеуімен авторлық композициялар жазып жүрген JOSH Y QAZAQ NATIONAL GROUP

тарихи сипаттамасын айтып, әр аспапта музыкалық шығарманы орындап берді. Айтуынша, сазсырнайдың дауысы алыстан ыңылдап ән айтқан жас баланың дауысына ұқсайды, өте жұмсақ. Сазсырнайды тек қазақтың ұлттық аспабы десек қателесеміз. Ол түркітілес халықтың бәрінде бар және әрқайсысы түрліше атайды. Аспаптың бәріне ортақ атауы — аккорина аталатынын да Азамат Бақиядан білдік.

— Музейде сазсырнайдың 600-ден астам қоры жинақтаулы. Оны кез келген саздан, балшықтан жасауға болады. Бірақ домбыра ағашы сияқты сазсырнай жасалатын саз да әр өңірдің топырағына байланысты, бір-біріне ұқсамайды. Ал сыбызғы — қазақ даласында ең кең таралған аспап. Тіпті, домбыраның өзі таралу жағынан сыбызғыдан кейін тұрады. Оған дәлел, Шоқан Уәлиханов еңбегінде екінші бірі сыбызғыда еркін ойнай алатынын айтқан. Сыбызғының бір уақыттарда жоғалып кеткен кезеңі де болған. Бірақ түпнұсқасы Мон-

ғолия мен Қытай казактарында өзгеріссіз сақталды. Ондай түрі осы өнер музейінде тұр, одан басқа атақты 60 сыбызғышының сыбызғысын да осында әкелдік, — деді Азамат Бақия.

Сыбызғының тарихы ертеден басталса да, сыбызғышылар жеке-дара ойнаған. Бүгін де ансамбль ойнаған орындаушылар жоқ. Сондықтан JOSH Y QAZAQ NATIONAL GROUP-тың орындауында сыбызғының толық ансамблде ойналуына куә болған алғашқылардың бірі болдық. Мультиаспаптық ансамбль екі апта бойы сыбызғышылардың басын біріктіріп, дайындығын пысықтаған екен. Сыбызғы типтес аспаптың бәрінде ысқырық болғаны үшін дауыс шығады, ал сыбызғыда табиғи ойғығы арқылы дауыс шығады. Аспаптанушы Азамат Бақия бұл аспаптың ертеде қурай шөбінен жасалғанын айтты. Бірақ қазір қурайдың орнына ағаш пайдаланылады.

Бақсылардың аспабы танылған шаңқобыздың шаңғыауыз деген түрі де бар. Одан шыққан небір дыбыстар «ем болады» деген түсінік берген-мыс. Бірақ бұл аспап қазір заманауи музыканы да орындап бере алады.

Музыкалық ансамбльдің орындауында байқағанымыз осы. Шаңқобызбен рок, рэп үлгісіндегі әуеннің ырғағын да айнытпай дәл келтіруге болады. Ал керней аспабының дауысы 4 шақырымға дейін жетеді екен. Трубалық аспаптардың 5 түрі бар, соның бірі керней болса, екіншісі — ұра. Оны жаугершілік заманда көшпелі халықтың біразы қолданған.

Егер соғыс біткеннен кейін ұра аспабы ойналса, жеңістің белгісін білдіреді. Музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрімнің еңбегіне сүйенсек, 5 кернейшіні 5 шақырым сайын қойса, 20 шақырым жердегі ақпаратты 1 минутқа жеткізбей білуге болады. Яғни, ақпарат

дегеніміз сол кездегі белгілі бір оқиғаға қатысты соғылған дабылдың дауысын жеткізу еді.

Бізді таңғалдырғаны, доңыз қауақ аспабы. Бұл — жолбарыстың ақырған дауысын шығаратын аспап. Яғни, аңшылықпен қатар, жолбарысты үркітіп қорадағы малды қорғап қалған. Осылайша, ата-бабамыздың аңшылық мәдениетін ертеден игергенін байқауға болады. Доңыз қауақ аспабын жасау үшін піскен қауақтың төменгі жағын қиып алып, ішін тазалайды. Сосын диаметрі үлкен жақ бөлігін серке малының өңделген шикі көңімен (қарын) қаптап, шенбер ортасын тесіп, аттың құйрық қылын ұшынан жоғары қарай шығарып қояды, арнайы былғарыдан жасалған белдікті қауақтың ортасын бөлігіне бекітіп, бір жағынан табанға салып бекіту үшін үзетін-бауын жасайды. Доңыз қауақты атты адам оң жақ аяғына байлайды. Ат үстінде отырып екі бөлік матаны ылғалдап алып, ылғал матамен аттың қылын кезектесіп тартқанда, кәдімгі жолбарыстың дауысы шығады, жолбарыс өз дауысын естіп үркіп қашады.

Музей директоры Баянды Сахарияұлының айтуынша, жорық дабыл аспабы жалғыз осы Өнер музейінде ғана сақтаулы. Жорық дабыл — сиыр терісінен жасалатын аспап.

— Аспап кісі бойымен бірдей жануар терісінен жасалады. Сондықтан тек өгіздің терісінен ғана жасадық. Аспаптың тіпті темірді майыстыруға да күші жетеді. Егер бетіне жырық түспесе кез келген нәрсені оңай-ақ жығып береді. Неге жылқынікі емес дейтін шығарсындар? Өйткені жылқы терісі көбіне тұрмыстық заттарды жасауға қолданылады, қысқасы жылқы терісінен ешқандай аспап жасалмайды. Жорық дабылға ұқсас «аттаныс» аспабы да бар. Бірақ оның айырмашылығы сиыр терісінен емес, тайынша терісінен жасалады. Оған да өгіздің терісін салып көріп едік, ағашымен қосып сындырып жіберді, — деді аспаптанушы А.Бақия.

Музей шеберханасының қызметкерлері ұлттық аспапты орындаушылардың ыңғайына сай келетін формада да жасап шығарыпты. Мәселен, домбыраның мойнынан орта тұсынан бұрап шешілетін түрі қазір ұшақта алып жүруге өте ыңғайлы. Шеберлердің айтуынша, оған дәстүрлі әншілердің сұранысы да артып отыр. Ал жетіген балақаша мен мектеп балалары үшін жаңғыртылып жатыр. Оны Jetigen kids деп атауға да болады. Оның ерекшелігі бала жасына қарай, аспаптың көлемі өзгеріп отырады.

Түрлі аспаптың дауысына қанық болып, тарихымен танысып болғаннан кейін Азамат Бақия сазсырнай жасаудың техникасын көрсетті. Оған Жошы хан кесенесі жанындағы сазды пайдаланды. Сазсырнай жасау небәрі 30-40 секунд уақыт алды. Оны арнайы қалыпқа салып жасады. Қалыптан шығарылған сазсырнайдың кебуін екі минут күту керек. Музей қызметкерлері сыбызғы ұстап тұрған салбал тастың мүсініндегі сазсырнайды бізге ұсынды. Сөйтіп, өзімізбен бірге ұлттық аспабымыздың бірін музейден алып шықтық.



тарды жасадық. Енді оларды халық арасында кеңінен насихаттау үшін JOSH Y QAZAQ NATIONAL GROUP мультиаспаптық ансамблі сол аспаппен орындалатын шығарма жазып, тректер мен жаңа туынды шығарып жатыр, — дейді Баянды Сахарияұлы.

Әртүрлі әдіспен безендірілген аспаптардың арасында марокколық бонго, тәжіктің дойрасы, өзбектің карнайы да бар. Оның бәрін музей қызметкерлері сол елдерден арнайы алып келген. Ал қазақ ұлттық аспаптарының ішінде домбыраның да түр-түрі бар. Атап айтқанда, тұмар домбыра, қалақ домбыра, тіпті Абай Құнанбайұлының, Құрманғазы Сағырбайұлының, Біржан салдың, Ақан серінің, Қаныш Сәтбаевтың домбыраларының көшірмесі қойылған.

мультиаспаптық ансамблі бір-қатар шығармаларын ойнап, біз білмеген аспаптардың дауысымен, тарихымен таныстырды. Азамат Бақия ең бірінші сазсырнай аспабынан бастап, сыбызғы, шаңқобыз, доңыз қауақ және кернейге дейін



18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

АРАЛОЗАВР: БҮГІНГЕ ЖЕТКЕН ЕЖЕЛГІ ЕНШІ



Ежелгі Арал маңы алып жануарлар тобы дәурен құрған құнарлы мекен болғанына бүгінгі ғалымдардың зерттеулері айқын дәлел. Соның ішінде талай ғасыр құм қойнауына жасырынған алып кесірткелердің қаңқаларының табылуы палеонтологтардың қызығушылығын тудырып отыр.

А Ербақыт
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жуырда Қызылорда облысына қарасты Қармақшы ауданының орталығынан солтүстікке қарай 90 шақырым жердегі Шах-Шах шатқалынан динозаврлардың қаңқасы табылғаны мәлім болды. Облыстық мұражай мен Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері бірлесе атқарған барлау экспедициясының нәтижесінде табылған сүйек қалдықтары Мезозой дәуірінің Бор кезеңінде өмір сүрген алып динозаврға тиесілі екенін алға тартқан мамандар бар.

Негізінен, ежелден Арал маңы алып жануарлар мекеніне айналғанын бұған дейін де зерттеу жұмыстары дәлелдеген болатын. Нақтысын айтқанда, 1959 жылы орыс палеонтологы А.Рожественскийдің жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Бозтөбе свитасында орналасқан шатқалдан Мезозой эрасының Бор кезеңінде өмір сүрген динозаврлардың сүйек қалдықтары анықталған. Қазба жұмыстары нәтижесінде сол аумақтан динозаврдың бас-сүйегі табылып, беймәлім алып кесіртке «Аралозавр» деген атаумен ғылыми қолданысқа енгізілген еді. Бұл жолы жүргізілген барлау экспедициясы аталмыш шатқалды одан әрі тереңінен зерттеп, миллиондаған жыл бұрын Арал маңы алып кесірткелердің мекені болғанын дәлелдеуге үлкен сеп болып тұр.

— Жалпы, Шах-Шах шатқалына бұл жолғы экспедиция жоспары жуырда ғана ашылған жаңа музейіміздің экспозициясы негізінде палеонтология залын жасау барысында туындады. Бұған дейін музей қорынан Шах-Шахтан табылған мамонттың, бұғының қаңқаларын көретінбіз. Бұл да аталмыш кешенді одан әрі зерттеуге деген қызығушылықты арттырғаны рас. Осы орайда айта кеткен абзал, аталмыш шатқал Мезозой дәуірінің Бор кезеңінен жеткен шөпкоректі Аралозаврдан бөлек, бірнеше динозавр түріне, құстар мен өсімдікке өте бай. Мұны зерттеу нәтижесі көрсетіп отыр. 2000 жылдары бұл аумаққа француз ғалымдары келгені жайында да дерек бар. Бұл жолы

Бор кезеңінде өмір сүрген бұл динозаврдың бетінде иілген мұрын доғасы болғаны анықталған. Сондай-ақ аралозаврдың мұрын доғасы басқа гадрозавридтерге қарағанда жақсы дамыған деген пайым жасалып отыр.

Негізінен, динозаврлардың қаңқалары бұған дейін еліміздің өзге де аймақтарынан табылғаны мәлім. Соның айғағындай, бір жылдары Батыс Қазақстандағы Ақтолағайдан табылған алып кесірткелердің қаңқалары батыс ғалымдарының қызығушылығын туғызған болатын. Сол сияқты Шығыс Қазақстандағы «Алаулы адырлар» геологиялық-палеонтологиялық және геоморфологиялық табиғат ескерткішіндегі динозаврлар тарихи, еліміздің бірқатар өңірінен табылған динозавр жұмыртқа қауыздары, жартастардағы диплодок динозаврлардың суреттері көп дүниені айғақтайды. Жалпы, динозаврлар еліміздің оңтүстігінде, сондай-ақ Орталық Қазақстан, Шығыс және Батыс өңірлерінде мекен еткені де анықталған. Бұл Мезозой дәуірінде еліміздің ыстық та, ылғалды тропикалық мекен болғанын көрсетсе керек.

Арал маңынан табылған динозаврдың өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, Аралозавр шөпкоректі екені анықталса, бойы



шатқалға жүргізген экспедициямызда орыс палеонтологы зерттеген аумақты таптық. Топырақ үйінділерінің көлеміне қарап, ол жерде бір емес, бірнеше жыл бойына зерттеу жұмыстары жүргізілгені аңғарылады. Барлау жұмыстары барысында құм қойнауынан динозаврдың көптеген қаңқасын тауып отырмыз. Бұл қаңқалар малдың сүйегіне ұқсамайды, қоныр тасқа айналған, — дейді барлау экспедициясына қатысқан музейдің ғылыми қызметкері Асхат Сайлау.

Бір қызығы, маман ежелгі алып кесірткенің қаңқалары судың жылғаларынан да шығып жатқанын айтты. Бұл аталмыш аумаққа қазба жұмыстарын тереңінен жүргізу қажет екенін көрсетеді. Палеонтологтардың пайымдауынша, гадрозавр отрядына кіретін Аралозавр 93-86 млн жыл бұрын өмір сүрген. Дерекке сәйкес, динозаврдың бұл түрінің Аралозавр аталуы ежелден Сыр бойының Арал маңы ретінде танылуымен байланысты болса керек. Соған орай Аралозавр атауы «Арал аймағының кесірткесі» деген мағынаны білдіреді екен.

мен салмағына да қатысты нақты деректер айтылады.

— Шах-шах шатқалынан бұған дейін табылған Аралозаврдың ұзындығы 8, биіктігі 2,5 метрге дейін жеткен. Шамамен салмағы 5 тонна болған деген жорамал жасалып отыр. Сол сияқты үш қатарлы жағында 1000-ға жуық тісі болғаны анықталды. Қазір Арал маңынан табылған алғашқы динозаврдың бас-сүйегі Қазақ ғылым академиясының палеонтология музейінде тұр. Алдағы уақытта бұл шатқалға түгелдей барлау жұмыстарын жасауды жоспарлап отырмыз. Соның нәтижесінде бұл аумақты қоршауға алып, тарихи-мәдени ескерткіш тізіміне енгізу қажет. Туристік аймақ ретінде қалыптастыруға да мүмкіндік мол, — деді музей қызметкері Асхат Сайлау.

Мамандар Мезозой заманындағы қазақ даласының талай құпиясы құм қойнауында жасырынып жатқанын алға тартады. Бозтөбе свитасындағы шатқалға барлау жұмыстары кешенді түрде жүргізілсе, Бор кезеңінің тұнба қабаттарынан тың деректер табыларына сенім мол.

Ауылдың дәмі қала дастарқанында ғана емес, сол ауылдың төрінде де тұрады. Дикандар тұтынушыларды етпен де, нанмен де қамтамасыз етіп отыр. Қарағанды облысында күзгі жиын-терім өткен қыркүйектен бері белсенді басталып кеткен еді.

АУЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК АЛҒА БАСТЫРАДЫ



А Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Өңірде аграрлық саланы әртараптандыру мен қайта өңдеуді күшейту бағытында маңызды істер қолға алынған. Биылғы орақ маусымы ауыл үшін ерекше серпінмен басталды. Егіс даласында техникалар тынымсыз жұмыс істеп, жаңа агротехнологиялар енгізілуде.

Бүгінде аймақта мал бордақылау алаңдары мен сүт фермаларының саны көбейіп, ауыл шаруашылығы өндірісі жаңа деңгейге шықты. Нұра ауданының Көбетей ауылында еуропалық стандарттарға сай жабдықталған сүт-тауар фермасы ашылды. 1 100 басқа арналған нысанның инвестициялық жобасын «Рамадан МФ» ЖШС «Черниговское и К» ауылшаруашылық кәсіпорнымен бірлесіп жүзеге асырған. Ферма жылына 9 мың тонна сүт өндірімек.

Сонымен қатар Осакаров ауданында заманауи сүт-тауар фермасының құрылысы басталды. Құны 30 млрд теңгеден асатын бұл ауқымды инвестициялық жоба еліміздегі сүтті мал шаруашылығы саласындағы ең ірілерінің бірі болмақ.

Фермада келешекте 6 мың сауын сиыр ұсталады. Ол үшін жеке жемшөп қоры дайындалады. Бүгінде 1 мың гектар жерге жүгері мен жоңышқа егілген. Ауқымды ауылшаруашылық кешені өңірдегі сүт өңдеу кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз етеді. Сөйтіп, импортқа тәуелділікті азайтады.

— Бізге өнімділікті арттыру үшін бірінші кезекте мол жемшөп қоры қажет. Биылғы маусымда суармалы алқаптарды 4,5 мың гектарға, ал жыл соңына дейін 10 мың гектарға жеткіземіз. Жоба үш жылда кезең-кезеңімен жүзеге асады. Алдымен 1200, сосын 2400, кейін ферма жұмысы жолға қойылған соң 6000 сауын сиыр ұстаймыз. Фермаға Ресейден голштин-фриз тұқымды сиырлар жеткізіледі. Олардың біреуі күніне 40 литрге дейін сүт береді. Осылайша, облыстағы фабрикаларды сүтпен қамтамасыз етіп отырады. Ол үшін фермаға неміс технологиясымен жұмыс істейтін заманауи сауын аппараттары, өзге де қажетті қондырғылар орнатылады, — дейді «Евразия Инвест LTD» ЖШС құрылтайшысы Иван Георгиади.

Мемлекет ұсынған жеңілдетілген несиелік, субсидия мен инвестициялық жеңілдіктер облыстың

ауыл шаруашылығы субъектілері өнім өндіру көлемін тұрақты арттырып, өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне өз үлесін қосып отыр. Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының деректеріне сүйенсек, биылғы жылдың сегіз айында өңір шаруалары 56,5 мың тонна ет, 143,5 мың тонна сүт, және 413 миллион дана жұмыртқа өндіріп үлгерген.

Бұл өткен жылмен салыстырғанда, тұрақты өсім көрсетіп отыр. Ет өндірісіндегі өсім 105 пайыздан асқан, сүт өндіру 101 пайыздық межені бағындырған.

Ал егін алқаптарында жұмыс қауырт. Биыл облыс бойынша 914 мың гектарға жуық жерге дән себілсе, оның басым бөлігі — бидай, арпа және сұлы алқаптары. Мамандардың алдын ала болжамы бойынша, орташа түсім 10 центнерден асса, қамбаға бір миллион тоннаға жуық астық құйылады деп күтілуде.

Картоп пен көкөніс егілген алқаптарда да өсім бар. 14 мың гектардан астам жерге картоп егіліп, өнімділік гектарына 250 центнерден асып отыр. Бұл шамамен 370 мың тоннаға жуық өнім. Ал көкөніс дақылдарынан алынған өнім көлемі 75 мың тоннадан асқан.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биылғы науқанға 1 976 астық жинайтын комбайн мен жүздеген заманауи техника жұмылдырылған. 8 айда агроөнеркәсіп кешеніне 38,9 миллиард теңге инвестиция тартылған. Оның басым бөлігі — 32 миллиард теңге ауыл шаруашылығы өндірісіне, қалғаны тамақ өнімдерін өндіруге бағытталған. Қазір егіс даласында спутник жүйесіне қосылған комбайндар, GPS арқылы қозғалысын бақылап отыратын тракторлар, өнім сапасын саралайтын электрондық өлшеуіштер жұмыс істейді.

Облыс бойынша 31 жаңа жоба іске асырылмақ, жалпы құны — 47,4 миллиард теңге. Мал шаруашылығында бордақылау алаңдары, сүт өңдеу цехтары мен агрокооперативтер құрылып жатыр.

— Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау шаруаларға үлкен серпін беріп отыр. Қазір фермерлер тек өнім өсірумен шектелмей, оны өңдеуге, экспортқа шығаруға бет бұрды. Ең бастысы, ауылдағы еңбек бағаланып, өз жемісін береді, — дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

ҚҰРМЕТ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

Елімізде жыл сайын 19 қазанда Төтенше жағдайлар қызметкерлері күні атап өтіледі. Бұл – күн-түн демей, қауіп пен қатерге қарсы тұрып, адам өмірін құтқарып жүрген жандардың ерлігіне бас иетін ерекше сәт. Құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің жұмысын жай ғана мамандық ретінде бағалау жеткіліксіз. Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында біз өз өмірін қатерге тігіп, ерлік танытып, адал қызмет атқарып жүрген жандарға хабарластық.



Алмас ҚАЛИЕВ,
Павлодар облысы ТЖД офицері,
«Ерлігі үшін» медалінің иегері:

ҚАЙСАРЛЫҚТЫ ШЫҢДАЙТЫН САЛА

Қызметімді Шідерті ауылынан бастап, өрт сөндіру ісінің қыр-сырын сол жерде меңгердім. Кейін Ақсу, Екібастұз және Павлодар қаласындағы өрт сөндіру бөлімдерінде жұмыс істеп, қарауыл бастығы лауазымында қызмет атқардым.

2024 жылдан бастап Павлодар облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары ұйымдастыру басқармасында жедел кезекшінің көмекшісі лауазымында қызмет етемін. Бірнеше мәрте ірі өрт пен құтқару операцияларын жоюға қатыстым.

Былтыр қаңтарда Павлодар қаласындағы көпқабатты тұрғын үйдің бір пәтерінде өрт шықты. Өрт сөндірушілер 13 адамды, оның ішінде төрт баланы қауіпсіз жерге эвакуациялады. Аса қауіпті жағдай сегізінші қабаттағы балконда қалған кішкентай қызға қатысты болды. Қатты түтін шығып жатыр, тәуекел етіп газ-түтіннен қорғау қызметі бөлімшесімен бірге әрекет жасап, «Феникс» құтқару құрылғысының көмегімен баланы аман алып шықтық. Қыздың отбасы үшін бұл есте қаларлық оқиға болды.

Еңбегіміз еленіп, биыл мамырда Президенттің Жарлығымен мемлекеттік награда – «Ерлігі үшін» медалімен марапатталдым. Бұл жоғары марапат біздің жұмысымызға адалдығымызды еселейді.



Әлиасқар АЙТЖАНОВ,
Жамбыл облысы ТЖД аға анықтаушысы
азаматтық қорғау майоры:

ӘУЛЕТІМІЗДІҢ АЙРЫҚША МАМАНДЫҒЫНА АЙНАЛДЫ

Мен Ресейдің Азаматтық қорғаныс істері, төтенше жағдайлар және табиғи апаттар салдарын жою жөніндегі мемлекеттік өртке қарсы қызмет академиясының түлегімін. «Өрт қауіпсіз-



Мұрат МҰХАНОВ,
Маңғыстау облысы ТЖД бастығы,
полковник:

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ, КӘСІБИ МІНДЕТ – БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Төтенше жағдайлар қызметі – ең күрделі әрі жауапкершілігі жоғары салалардың бірі. Біз үшін әр күн – жаңа сынақ. Өрт сөндірушілердің ісі көбіне адам өмірі мен мүлкін сақтап қалуға бағытталған.

Қауіпке ҚАРСЫ ТҰРҒАН қаһармандар

дігі» мамандығы бойынша білім алып, әскери іс және қауіпсіздік саласында біліктілігімізді арттырдық. Азаматтық қорғау органдарында 2018 жылдан бастап қызмет атқарамын.

Бұл мамандық менің басты құндылығым – отбасыммен байланысты. Себебі менің әкем де осы салада 25 жылдан астам қызмет атқарды. Әпкелерім де осы салада жүргенін мақтан етемін. Бала күнімнен әкемнің жұмысына адал берілгенін көрдім. Ерліктерін, өмірін естіп өстік.

Үлкен әпкем ТЖД азаматтық қорғау органдарында қызмет етсе, екінші әпкем жұбайымен бірге Астана қаласының азаматтық қорғау гарнизонында жұмыс істейді. Отбасымыздың бұл мамандыққа сүйіспеншілігі зор.



Рамазан ҚАБДУАЛИЕВ,
ШКО ТЖД Октябрьский кенті
20-ӨСБ-нің азаматтық қорғау аға
сержанты:

БІЗДІҢ МІНДЕТ – ТІЛСІЗ ЖАУДЫ АУЫЗДЫҚТАУ

Біз 19 қазан – Құтқарушылар мерекесін айрықша қарсы аламыз. Өз арамызда бір-бірімізді төл мерекемен құттықтап, мәз-мейрам боламыз. Жылына бір келетін атаулы дата біздің ғана емес, отбасымыздың да қуанышы саналады. Өйткені

Қызмет жылдарымда түрлі төтенше жағдайға тікелей қатыстым. Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үйдегі жарылыс, Мұнайлы ауданындағы автоцистерна соқтығысуы, ұшақ апаты мен бірқатар жағдай есте қалды. Мұндай жағдайларда ең негізгісі – адамдардың өмірін сақтап қалу.

біз осы салада еңбек етіп, тапқан табысымызбен отбасымызды асыраймыз.

Жұмысымыз нағыз от пен судың қарқынына төтеп беру іспетті. Табиғаттан, тұрмыс-тіршілік салдарынан шығатын түрлі апаттан халықты қорғауға тырысамыз. Әрбір апат шығынсыз болмайды. Әлбетте, дүниенің жанып, суға ағып, бүлініп, жарылып жатуы мүмкін. Басты мүдде – адам шығынына жол бермеу. Себебі адам жараланып күйіп қалса, оның артында отбасы, ағайын-туысы тұрады. Сондықтан адамзатқа қауіп төнбеу керек деп санаймыз.

Өзім Төтенше жағдай қызметінде 5 жылға жуық қызмет істеп келемін. Бір ерекше жағдай ойға оралып тұр. Ең алғаш жұмысқа түскеннен бір ай өтпей Бұқтырма маңында өртпен бетпестік. Содан жанып жатқан өртті ұлғайтпау үшін газ баллондарды сыртқа алып шығып, эвакуацияладық. Кез келген сәтте қолындағы зат жарылуы мүмкін, сондықтан өте ауыр жұмыс. Тағы бір жағдайды айта өтейін. Бір жылдары Өскемен маңындағы «Северный» деген жерде өрт шығып, жайпап бастады. Күн қатты ыстық болса да, лапылдаған жалынды өшіріп, елді мекенге зиян келуін тоқтаттық. Әйтпесе, тілсіз жау жел тұрса, қалаға қарай ұшқындап, халыққа зиян тигізуі мүмкін еді. Осындай ауырлыққа төзіп жүрген құтқарушыларға төл мерекеміз жақсылық алып келе берсін!

Біздің қызметтің ең басты ауыртпалығы уақытпен жарысу дер едім. Кез келген секунд адам тағдырын шешуі мүмкін. Қатты ыстық, аяз, түннің ортасында түрлі апат пен техногендік төтенше жағдайларда құтқарушылар бірінші болып оқиға орнына барады. Сонымен қатар бұл салада тек физикалық төзімділік емес, моральдық тұрақтылық та аса маңызды. Кейде құтқару кезінде адам өмірін сақтап қалу мүмкін болмайтын жағдайлар ұшырасады. Сондай сәттерде біздің қызметкерлер сабыр мен рух биіктігін сақтауы керек.

Қызмет жылдарымда түрлі төтенше жағдайға тікелей қатыстым. Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үйдегі жарылыс, Мұнайлы ауданындағы автоцистерна соқтығысуы, ұшақ апаты мен бірқатар жағдай есте қалды. Мұндай жағдайларда ең негізгісі – адамдардың өмірін сақтап қалу. Жарылыс қаупі, улы түтін, басқа да талай қауіпті факторлар болды. Сондай сәттерде құтқарушылардың кәсібилігі, төзімділігі, ұйымшылдығы негізгі рөл атқарады. Төтенше жағдай кезінде әр секунд бағалы. Сондай сәтте әрдайым дайындықта болып, кез келген шақыртуға әзір болуымыз керек. Осындай сын-сәттерде елге адал қызмет етудің, командалық рухтың және азаматтық қызметтің маңызы айқын сезіледі.

Дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ

АЙМАҚ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: КӨРКЕЙГЕН АЙМАҚ КӨБЕЙДІ

Атырауда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы кезекті сенбілікте 15 мың тоннадан астам қоқыс жиналды. «Таза жағалау» акциясын облыстың экология департаменті мен «Жайық-Каспий» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы бірлесіп ұымдастырды. Іс-шараға қала тұрғындары, аудандардан келген еріктілер, Әзербайжан этномәдени бірлестігінің өкілдері мен GPC Investment компаниясының қызметкерлері қатысты.

А **Баян ЖАНҰЗАҚ,**
Атырау облысы

Жайық өзенінің Атырау шағынауданындағы жағалауын қоқыстан тазартуға бағытталған сенбілік барысында 15 мың тоннадан астам тұрмыстық және құрылыс қалдықтары жиналды. Сонымен қатар акция аясында 4 070 түп ағаш отырғызылып, өзен маңындағы экологиялық ахуалды жақсартуға үлес қосылды.

Атырау облысы экология департаментінің басшысы Асқар Жүсіповтің айтуынша, мұндай бастамалар өңірдің табиғи байлығын сақтап, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған.

— Таза орта — салауатты өмірдің кепілі. Табиғатты аялау — әр азаматтың борышы. Егер әрбір тұрғын туған жерінің экологиясына бейжай қарамаса, қоршаған ортамыз таза әрі көркем күйінде сақталады, — деді ол.

Жалпы, биыл облыс бойынша өткен түрлі экологиялық іс-шара-

ға 8 мыңға жуық адам қатысып, нәтижесінде 20 мың тоннадан астам қоқыс жиналды. Бұл — табиғатты қорғауға қоғамның белсенді араласып отырғанының айқын дәлелі.

Ерекше атап өтерлігі, Атырау облысында ауқымды көгалдандыру жобасы жалғасуда. Бүгінге дейін жоба аясында өңірде 248 мыңнан астам ағаш отырғызылған. Бұл бастаманы Атырау өңірінің дамуы үшін қосылып отырған ірі экологиялық үлес деуге болады.



Жақында Атырау облысы Дамбы ауылдық округінің тұрғындары көгалдандыру аумақтарына арнайы сапармен барып қайтты. Сапар барысында қатысушылар өңірдегі ең ірі экологиялық жобалардың бірі — Береке ауылындағы жасыл аймақтарды аралап, жобаның іске асырылу барысымен танысты.

Аталған елді мекеннің орманды қорғаныш белдеуінде 73 мың түп ағаш отырғызылған. Көшеттердің қатарында Каспий климатына бейімделген, ыстыққа және тұзға төзімді қарағаш, жөке, тұт, өрік, сары акация және жиде сынды ағаш түрлері бар. Мамандардың айтуынша, ағаштардың тіршілікке бейімделу көрсеткіші 80%-ға дейін жетеді, бұл — Атырау сияқты қуаңшылыққа бейім климаты бар өлке үшін өте жоғары көрсеткіш.

Қазір көгалдандыру жобасы Атырау қаласы мен Мақат ауданы аумағындағы төрт ірі учаскені қамтып отыр. Көгалдандырылған жерлердің жалпы ауданы — 308 гектар. Бұл бастама өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бизнес пен мемлекеттік құрылымдардың тиімді серіктестігінің жарқын мысалы десек те болады.

Бүгінге дейін көгалдандырылған аумақ туралы дерек пен дәйек төмендегідей: Берекеде — 73 мың, Соколотка — 134 мың, Еркінқалада — 21 мың, Мақат және Доссорда 20 мың ағаш отырғызылды.

Ағаш отырғызу процесінде тамшылатып және капиллярлы суару жүйесі сынды заманауи агротехнологиялар қолданылып жатыр. Бұл әдістер суды үнемдеп жұмсауға және топырақтың тұздануын болдырмауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар органикалық және минералды тыңайтқыштар қолданылып, көшеттердің жерсіну деңгейін арттыру көзделуде.

Атырау облысының Қазақстандағы экологиялық тұрғыда осал өңірлердің бірі екені белгілі. Географиялық ерекшелігі, жауын-шашынның аздығы, топырақтың тұздануы, ауаның шандануы мен мұнай-газ саласының техногендік әсері өңірге ерекше экологиялық салмақ түсіріп отыр. Сол себепті жасыл желек тапшылығы — өңір тұрғындарының денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды мәселе.

Экологтардың айтуынша, Атырау облысындағы көгалдандыру деңгейі қолайлы климат үшін белгіленген нормадан 3-4 есе төмен. Ал көгалдандырудың пайдасы шаш етекпен екені түсінікті.

Айталық, көгалдандыру ең алдымен жаз мезгілінде ауа температурасын 3-5°C-қа дейін төмендетеді. Екіншіден, ауаның шандануын және ұсақ бөлшектердің мөлшерін азайтады. Үшіншіден, топырақтың эрозияға ұшырауын тежейді. Төртіншіден, аймақтағы экожүйелердің қалпына келуіне және биоаулантүрліліктің артуына ықпал етеді.



Бүгінгі заман талабы білімді, білікті әрі еңбекқор жастардың белсенділігін арттыру болып тұр. Мемлекетіміздің басты мақсатының бірі — жас буынды тұрақты жұмыспен қамтып, олардың өмірлік жолын табуына мүмкіндік жасау. Өйткені елдің ертеңі еңбекқор, өз ісіне адал жастардың қолында. Кейінгі жылдары Қазақстанда жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған бірқатар маңызды бағдарлама жүзеге асырылып келеді. Солардың ішінде «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» жобалары еңбек нарығына енді қадам басқан жас мамандар үшін үлкен мүмкіндікке айналды. Бұл жобалар жергілікті мансап орталықтары арқылы үйлестіріліп, жастардың кәсіби бейімделуіне жол ашып отыр.

А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Шымкент қаласы

Мансап орталығының негізгі міндеті де — жұмыс іздеп жүрген жастарға кәсіби бағдар беру, кеңес ұсыну, бос жұмыс орындарын та-

буға жәрдемдесу және қайта даярлау курстарына жолдау. Бұл орталық — жас мамандар мен жұмыс берушілер арасындағы тиімді байланыстырушы алан. Мұнда жастарға тек жұмыс табуға емес, өз қабілетін дамытуға да мүмкіндік беріледі. Шымкент қаласында

ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШҚАН ҚАЛА

2025 жылға арналған жоспар аясында мансап орталығы арқылы жастарды жұмыспен қамту деңгейі едәуір артпак. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс өңірдегі жұмыссыздық көрсеткішін төмендетіп, жастардың әлеуметтік белсенділігін күшейтуге жол ашуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2025 жыл — Жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланды. Бұл шешім қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы мәртебесін арттыруға бағытталған тарихи қадам болды. Өндіріс ошақтарында маңдай терімен ел дамуына үлес қосып жүрген жастар үшін бұл зор қолдау мен үлкен сенім. Қазір еліміздің экономикалық дамуы, өндірістік әлеуетінің артуы білікті жұмысшылардың еңбегімен тығыз байланысты. Жастардың өндіріс орындарында еңбекке араласып, өз ісінің шебері атануға талпынуы — қоғамның ең үлкен ұмтылыстарының бірі.

Еңбек мобильділігі орталығының бастамасымен жүргізіліп жатқан «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы биылдың өзінде 1 600-ден астам жас уақытша

жұмыс орындарымен қамтылып, өз мамандығы бойынша тәжірибе жинақтау мүмкіндігіне ие болды. Солардың бірі — Нұрсұлу Оразалы. Ол шілде айында №5 кәсіптік колледжі тоқыма өндірісі мамандығы бойынша тәмамдап, кейін Enbek.kz электронды еңбек биржасы арқылы ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген. Мансап орталығының көмегімен Нұрсұлу «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысып, «Назар Текстиль» кілем фабрикасында еңбек жолын бастады.

— Бұл фабрикаға алғаш рет колледжде оқып жүрген кезде тәжірибеден өту үшін келген едім. Ұжымның ұйымшылдығы мен еңбек мәдениеті қатты ұнады. Сондықтан оқуымды аяқтаған соң осы жерге қайта оралып, өз мамандығым бойынша еңбек етуді ұйғардым. Қазір тоқыма станогына жіптер дайындаумен айналысамын. Ең бастысы — сүйікті ісіммен айналысып, өз еңбегімнің нәтижесін көрудемін, — дейді жас маман Нұрсұлу Нұржанқызы.

Бүгінде осындай бағдарламалар арқылы жүздеген жас еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтап, тұрақ-

ты жұмысқа орналасуда. Бұл — мемлекет саясатының жастарға деген нақты қамқорлығының айқын көрінісі.

Жұмыссыз қалған азаматтарға көрсетілетін тағы бір маңызды қолдау — кәсіптік оқыту. Мұндай мүмкіндік жастарға жаңа кәсіп меңгеріп, еңбек нарығына қайта оралуға жол ашады. Шымкент қаласы бойынша бүгінде 760 адам кәсіптік оқуға жолданған. Оның 600-і білім беру ұйымдарында оқып жатса, 160 азамат тікелей жұмыс берушілердің өндірістік базасында тәжірибе жинақтауда. Кәсіптік оқуға қатысушыларға мемлекет тарапынан шәкіртақы төленеді: оқу орталықтарында білім алушылар ай сайын 43 574 теңге, ал өндірістік тәжірибеден өтушілер 78 640 теңге көлемінде шәкіртақы алады.

Мысалы, Alisha оқу орталығында бүгінде 25 жұмыссыз қыз-келіншек жаңа мамандықты игеріп жатыр. Оның 20-сы — «кестелеуші», 5-еуі «тігінші» мамандығы бойынша оқуда. Курсты аяқтаған соң қатысушыларға арнайы сертификат табысталып, тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі ұсынылады.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдау жастардың әлеуетін ашып, кәсіби шыңдалуына мүмкіндік береді. Жас мамандардың өмірге сеніммен қадам басып, еңбек жолында табысқа жетуі ел ертеңіне үмітті арттыра түседі.

ДОДА

САЙЫС

Дәл қазір еліміздің оңтүстік астанасында спортсүйер қауым асыға күткен Almaty Open ATP 250 Халықаралық теннис турнирі өтіп жатыр. Бұл – ТМД бойынша ATP 250 деңгейіндегі жалғыз турнир. Биыл аталған спорттық іс-шара екінші мәрте Алматыда ұйымдастырылып отыр. Әлемдік деңгейдегі бәсекеде теннис кортына шығып, ел намысын қорғаған спортшылардың қатарында Александр Шевченко, Бейбіт Жұқаев, Әмір Омарханов, Денис Евсеев, Тимофей Скатов және Михаил Кукушкин бар.

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

2020 жылдан бері елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл турнир әлемнің озық спортшыларын бір алаңға тоғыстырумен ерекшеленеді. Мәселен, биылғы жарыста бақ сынайтын-дардың тізімінде дүниежүзілік рейтингте үздік отыздыққа кіретін ракеткалар да бар. Додаға әлемнің 10-ракеткасы, өткен жылғы турнирдің чемпионы Карен Хачанов, Даниил Медведев (18-ракетка), Флавио Коболли (25-ракетка), Лучано Дардери (30-ракетка) және т.б. спортшылар бой көрсетті.

Жарыс жолын жеңіспен бастаған қазақстандық теннисші, әлемнің 91-ракеткасы Александр Шевченко алғашқы кездесуін сербиялық Ласло Джеремен өткізді. Қарсылас спортшы қазір жаһандық тізімде 79-орында тұр. Алайда екі сағат алты минутқа созылған тартысты ойын отандасымыздың пайдасына шешілді. Алайда Шевченко турнирдің екінші айналымында франциялық Корентен Мутеге есе жіберіп, жарысты аяқтады.

Осыған дейін Александр Шевченко ATP деңгейінде 45-орынға дейін көтерілгені есімізде. Спортшы турнир алдындағы баспасөз мәслихатында берген сұхбатында алда бұл көрсеткіштен де жоғары нәтижеге қол жеткізуге күш салатынын жеткізді.

ALMATY OPEN: ТАРТЫС ҚЫЗА ТҮСТІ



— Біріншіден, теннисте сәттіліктің де орны бар. Әсіресе, өзіне ыңғайлы жабындыда өтетін турнирлерге қатыссаң, жеребен жеңіл түссе, қолайлы қарсыластар болса, демек көбірек ұпай жинауға мүмкіндік бар. Шынымды айтсам, үздік елу спортшының тізімінде тұрған кезең мен қазіргі ойынды салыстырсам, айтарлықтай үлкен айырмашылық көріп тұрған жоқпын. Мүмкін тәжірибем аз болған шығар, бірақ әр доп үшін басымды тігіп, бар күшіммен ойнайтынмын. Мен өзімді үздік отыздыққа, тіпті жиырмалыққа

ене алатын ойыншы деп санаймын. Сол мақсатқа жету үшін еңбек ете беремін, — деді ол.

Спортшы Шанхайда өткен ойыннан кейінгі ұлттық құрамның көңіл күйі, командадағы атмосфера туралы да пікірін бөлісті.

— Иә, шынын айтқанда, жеңіліс көңілге қатты тиді. Сол үшін жанкүйерлерден шын жүректен кешірім сұраймыз. Бірақ біз міндетті түрде бұл жағдайдан шығуға тырысамыз. Біздің құрамның әлеуеті қазіргі деңгейде тоқтап қалмауға тиіс. Сондықтан бәрін түзету үшін жұмыс істейміз.

Жалпы, көңіл күй қалыпты, бірақ әрине, жеңілістен кейін бәрінің де еңсесі түсті. Себебі командадағы әрбір ойыншы жеңіске жету үшін барын салды, — деді А.Шевченко.

Биылғы қатысушылардың арасында әлемдік тізімдегі позициясымен ок бойы озық тұрған спортшы — Карен Хачанов. Спортшы өз сөзінде Қазақстанға қайта оралғанына қуанышты екенін айтып, жанкүйерлерін сәтті ойынмен қайта қуантқысы келетінін жеткізді. Спортшы осы жолы да өткен жылғы жеңісін қайталауға ниетті еді.

— Қазір турнирді Алматыға көшіру арқылы теннис ойынын елдің әр өңіріне таратуға тырысып жатыр. Бұл өте дұрыс шешім деп ойлаймын. Былтыр ширек финалдан кейін стадион лық толы болды. Ең маңыздысы да сол, көрермен қызығушылығының жоғары болуы. Теннисте күтпеген жағдайлар жиі кездеседі. Алматыдағы турнирде ойнау — мен үшін өте маңызды. Бұл — бойымдағы сенімділікті қайта қалпына келтіру мүмкіндігі деп білемін. Себебі осыған дейін мұнда сәтті ойын көрсеткенмін. Ең бастысы — қо-

лындағы бар мүмкіндікті уақытылы пайдалану. Қалғаны өз нәтижесін береді, — деді теннисші.

Алайда Хачанов жарыстың екінші айналымында әлемнің 98-ракеткасы, германиялық Ян-Леннард Штруффқа жол беріп, екінші мәрте чемпион атану бұйырмады.

— Мен бұл жолы қарсыласымнан не күту керігін жақсы түсіндім. Мұндай сәттерде бәрі өз ойынына, тактикаға байланысты. Қарсыласымның ойыны туралы айтсақ, ол кейбір сәттерде менен қарағанда сәттірек ойнады. Матч тартысты әрі ауыр өтті. 2019 жылы Парижде дәл осындай жағдайда одан ұтылып қалғанмын. Сол кезде қарсыласым үшінші сетте 7:5 есебімен басым түскен еді, — деді ол.

Атап өтерлік жайт, Алматыдағы жарысқа дейін спортшы Шанхайдағы теннис турнирінде күш сынап, маңызды кездесулер өткізген еді. Қаланың ылғалды ауа райын ескерсек, бұл кейбір спортшылар үшін қиындық тудырған. Осыған байланысты спортшы Қазақстанда өтетін ойын алдындағы акклиматизация процесі туралы айтып берді. Хачановтың сөзінше, ол Қазақстанға сапары алдында отбасымен демалып үлгерген.

— Мен Шанхайдан кейін Алматыға бірден ұшып келген жоқпын. Жарыс аяқталған соң Мәскеуге қарай жол тарттым. Отбасым мен балаларымды көріп, бірнеше күн сонда демалдым. Содан кейін аздап жаттығумен айналыстым. Жарыстың алғашқы күндері — ауа райына бейімделіп, турнирдің ырғағына ену үшін өте маңызды кезең. Иә, маусым ұзақ, турнир көп. Қазір соңғы 3–4 турнирге күш жинау маңызды. Маусым соңында кім сергек әрі жинақы болса, сол спортшының артықшылығы көп болады, — деді К.Хачанов.

Бүгін теннис жанкүйерлері жартылай финал кезеңінің тартысты ойындарына куә болады. Ал күні ертең шешуші матчта үздіктер жеңіс тұғырынан көріну үшін сынға түспек.

ҚАЗАҚСТАН ТЕННИСІНІҢ ЫҚПАЛЫ АРТТЫ



Халықаралық теннис федерациясының (ITF) жыл сайынғы жалпы жиналысында 200 ұлттық делегация өкілдері Қазақстанға дауыс берді.

Қазақстан теннис федерациясының мәлімдеуінше, еліміздің аталған әлемдік қауымдастықтағы рөлін нығайды. Ең жоғары дауыс саны 12 болса, Қазақстанға берілген дауыс саны жетіден тоғызға дейін ұлғайтылды. Енді еліміз ITF-қа ықпалы жөнінен Италия,

Чехия, Канада, Испания, Швеция, Швейцария, Қытай, Жапония секілді елдермен бір қатарда тұр. ITF-қа кіретін елдердің дауысы шешім қабылдаған кезде әлемдегі теннистің дамуына әсер етеді. Осылайша, Қазақстан теннистің жалпы даму деңгейі жөнінен

әлемдегі 10 елдің қатарына ресми түрде енді.

«Бүкіл әлемдегі ұлттық федерациялардың халықаралық жиналысы елдегі теннистің дамуын, жасөспірімдердің, ересектер ұлттық құрамның жетістігін, сондай-ақ бұқаралық спорт пен теннис инфрақұрылымының деңгейін тәуелсіз бағалау негізінде Қазақстанның дауысын көбейту туралы шешім қабылдады. Енді Қазақстан әлемдегі теннисі дамыған елдердің қатарына заңды түрде кіреді», — деді Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов.

Шешім қабылдау кезінде мынадай факторлар: тенниспен айналысушылар саны, арбадағы теннистің дамуы, корттар саны, ұлттық құрама нәтижелері, соның ішінде ойыншылардың Олимпиада, Дэвис кубогы және Билли Джин Кинг кубогы командалық жарыстағы көрсеткіші ескерілді.

Қазір елімізде 17,5 мыңнан астам бала тенниспен тұрақты айналысып, турнирге қатысады. Елде жыл сайын 250-ден астам, соның ішінде 40-тан астам халықаралық жарыс өтеді.

«ҚЫЗЫЛЖАР» КЛУБЫ АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Қазақстан футбол федерациясы тергеуге көмектесуден бас тартқан «Қызылжар» футбол клубын жазалады.

Қазір шілде айында Түркістанда өткен «Қызылжар» мен «Тұран» командасы арасындағы кездесуге байланысты тергеу жүріп жатыр. Бұл матч нәтижесі екеуара келісілген деген күдік бар.

Қазақстан футбол федерациясының Бақылау, тәртіптік және этикалық комитетінің отырысы өтіп, «Тұран» клубымен өткен матчқа байланысты қызметтік тергеу ісіне көмектесуден бас тартып, кедергі келтіргені үшін «Қызылжар» футбол клубына жаза қолданылды. Клубқа 100 АЕК, яғни 393 200 теңге көлемінде айып-

пұл салынды. Бұл соманы биыл 7 қарашаға дейін төлеу қажет.

Негізі, клуб ҚФФ-ның Қауіпсіздік және интегрити қызметіне ойыншылардан, менеджерден, бапкерлік штабтан және матчқа қатысы бар өзге тұлғалардан сұрақ-жауап алуға көмектесуге міндетті. Ал «Қызылжар» футбол клубы ҚФФ шешімін орындамаған жағдайда қатан шара қолданылады. Оның ішінде ұпайлары алынып, клуб төменгі дивизионға түсіріледі. Ойыншылар мен ресми тұлғаларға футбол саласында жұмыс істеуге тыйым салынады.

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

18 ҚАЗАН 2025 | СЕНБІ

ТАБИҒАТТЫ
ЖАҚЫНДАТАТЫН ҚҰРЫЛҒЫ

Табиғатты сүйетін жандар үшін жаңа смарт құрылғы ойлап табылды. Birdbuddy деп аталатын бұл инновациялық өнім құстар мен жәндіктердің өмірін бақылауға зор мүмкіндік береді. Сырттай гүлге ұқсайтын құрылғының ішінде жоғары технологиялық камера мен жасанды интеллект жүйесі жасырылған. Мұның басты ерекшелігі үйден отырып-ақ айналаңыздағы жан-жануар, ит-құмырсқаны жақындатып көріп отырсыз. Сонымен қатар ол жай ғана түсіріп қоймай, олардың түрін автоматты түрде анықтап, әрқайсысы туралы қызықты мәліметтер ұсынады. Сондай-ақ қосымша ақпарат арқылы қолданушы оларды қалай күту, немен тамақтандыру керектігін, тіпті стресс немесе жарақат белгілерін де біле алады.

Жүйенің жүрегі – Petal камерасы. Ол 12 мегапиксельді сапамен суретке түсіреді және 4К бейне жазуға қабілетті. Камера 2000-нан астам құс пен жәндік түрін нақты уақытта анықтай алады. Сонымен қатар макро және кең бұрышты линзалармен жабдықталған, бұл табиғаттың ең ұсақ сәттерін анық көруге мүмкіндік береді.

Birdbuddy экологиялық білім мен табиғатты қорғау мәдениетін арттыруды мақсат етіп отыр. Құрылғы арқылы адамдар өз ауласындағы немесе саябақтағы тіршілікті нақты уақыт режимінде бақылай алады. Бұл балалар мен ересектер үшін экологияны үйренудің қызықты әрі көрнекі тәсілі болмақ.

ТҰЗДЫҢ ДӘМІН
БЕРЕТІН ҚАСЫҚ

Жапонияның инновация әлемінен тағы бір ерекше жаңалық. Танымал Kirin компаниясы адам денсаулығына зиян келтірмей, тағамның дәмін сақтауға мүмкіндік беретін электронды қасық (Salt Spoon) құрылғысын ұсынды.

Зерттеушілердің айтуынша, жапон халқының шамамен 60 пайызы шамадан тыс тұз тұтынады. Бұл жүрек-қан тамыр аурулары мен гипертонияның жиілеуіне себеп болып отыр. Осы мәселені шешу үшін Kirin мамандары жасанды дәм күшейту технологиясын ойлап тапқан.

Salt Spoon әлсіз электр тогын тағам арқылы тілге өткізеді. Нәтижесінде, натрий иондарының қозғалысы өзгеріп, дәм сезу рецепторларына тұзды әсерді күшейтіп береді. Яғни, тағамдағы тұз мөлшері аз болса да, дәмі бұрынғыдай тұзды сезіледі.

Қазіргі уақытта құрылғы Жапония нарығында 130 АҚШ долларына сатылуда. Алдағы уақытта Kirin компаниясы Salt Spoon-ды халықаралық нарыққа шығару жоспарын мәлімдеді. Бұл, әсіресе, жоғары қан қысымымен немесе саламатты өмір салтын ұстанатын адамдар үшін таптырмас көмекші болмақ.

РОБОТ-ДОС

Адаммен сөйлесіп, көңіл күйін түсінетін, тіпті дос бола алатын жаңа буын робот пайда болды. Рорет деп аталатын бұл құрылғы ChatGPT жасанды интеллект платформасы негізінде жасалған және адамның эмоциясын түсініп, онымен табиғи қарым-қатынас орната алады.

Робот камера, микрофон және түрлі сенсормен жабдықталған. Ол адамды көріп, дауысын танып, бет-әлпетті есінде сақтайды. Сонымен қатар қимыл мен

ӨМІР САЛТЫН
ӨЗГЕРТЕТІН

ГАДЖЕТТЕР

CONSUMER ELECTRONICS SHOW (CES) - жыл сайын лас-вегаста өтетін әлемдегі ең ірі технологиялық көрмелердің бірі. Бұл іс-шарада жетекші компаниялар мен стартаптар өздерінің ең жаңа жетістіктерін, болашаққа бағытталған идеяларын ұсынады. Көрме барысында таныстырылған ең үздік туындылар мен прототиптердің бірқатарын назарларыңызға ұсынамыз.

Әсет ҚАЛИ

ишараны ажырата алады. Қолданушы жарық деңгейін, дауыс үнін, көздің түсін және аксессуарларын өз талғамына қарай өзгерте алады.

Зерттеулерге сүйенсек, соңғы жылдары әлем бойынша жалғыздық пен эмоционалды күйзеліс деңгейі күрт артқан. Сол себепті психологтар мұндай «интерактивті достардың» пайда болуы адамның психологиялық саулығын сақтауға бағытталған маңызды қадам екенін айтады.

ӘЛЕМДЕГІ АЛҒАШҚЫ
ІШЕКСІЗ ГИТАРА

LiberLive компаниясы гитараның жаңа үлгісін ішексіз смарт-гитараны жарыққа шығарды. Бұл құрылғы классикалық аспаптыңдыбысын заманауи технологиямен ұштастырған ерекше өнертабыс ретінде бағалануда. LiberLive гитарасының ең басты айырмашылығы — ішектердің орнына орнатылған арнайы батырмалар. Әр батырма белгілі бір аккордты немесе нота жиынтығын білдіреді, сондықтан жаңадан үйренушілер үшін ойнау әлдеқайда жеңіл. Гитараның салмағы небәрі 1,9 кило, яғни оны кез келген жерге алып жүру ыңғайлы. Құрылғы бүктеліп жиналады, сондықтан сапар немесе концерт кезінде орын көп алмайды.

Инновациялық аспап смартфон қосымшасымен бірігіп жұмыс істейді. Онымен қоса қолданушы музыкалық режимдерді таңдап, аккомпанемент немесе эффекттерді баптай алады. Сонымен қатар гитарада ішкі драм-машинасы бар, яғни ол өздігінен соккы әуенін (ритм) орындай алады.

ЖИҢАЗҒА ҰҚСАЙТЫН
ЖИ-РОБОТ

Әдетте роботтар суық металдан немесе пластиктен жасалады, бірақ жапондық инженерлер өзгеше роботты жасап шығарды. Олар интерьерге үйлесетін, жасанды интеллект орнатылған «ақылды» робот Mi-Mo-ның алғашқы прототипін таныстырды.

Бұл робот сырттай қарағанда заманауи шам немесе шағын жиһаз элементіне ұқсайды. Ағаш корпусы оның үй немесе кенсе интерьеріне табиғи үйлесіммен енуіне мүмкіндік береді. Ал «басы» жарық беретін шам пішінінде жасалған. Mi-Mo алты аяғымен қозғалады, яғни кез келген бағытта

еркін жүре алады. Роботта орнатылған жасанды интеллект жүйесі оған адам дауысын түсініп, қарапайым командаларды орындауға мүмкіндік береді.

ЦИФРЛЫҚ
КӨШПЕНДІЛЕРГЕ
АРНАЛҒАН МОНИТОРЛАР

Қашықтан жұмыс істеу мен мобильді кеңсе мәдениеті дамыған заманда ыңғайлы техникаға деген сұраныс арта түсті. Сол қажеттілікті ескерген JSАUX компаниясы жол үстінде де өнімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін портативті екі монитор жиынтығын ұсынды. Жаңа құрылғы екі экраннан тұрады, әрқайсысының диагоналі — 15,6 дюйм. Мониторлар 2.5K ажыратымдылығымен және 60 Гц жиіліктегі жаңарту жылдамдығымен ерекшеленеді.

Бұл сурет сапасын айқын етіп, ұзақ уақыт жұмыс істеу кезінде көзге түсетін салмақты азайтады.

Құрылғы 13-16 дюймдік ноутбуктерге арналған және USB-C немесе HDMI арқылы оңай қосылады. Мониторлардың салмағы жеңіл, құрылымы ықшам, сөмкеге салып жүруге ыңғайлы.

ЭЛЕКТРЛІ РОЛИКТЕР

Француздық AtmosGear компаниясы спорт пен технологияны ұштастырған электрлі роликтерді таныстырды. Бұл құрылғы қозғалыс еркіндігін сақтай отырып, экологиялық көлік құралдарының жаңа түріне айналуы мүмкін.

Жаңа роликтер дәстүрлі конькиге ұқсас, бірақ олардың қозғалысы электр қуаты арқылы жүзеге асады. Басқару жүйесі ерекше ол қолмен басқарылатын сенсор арқылы реттеледі. Қол қимылының бағыты мен жылдамдығына қарай ролик қозғалысын өзгерте алады.

AtmosGear инженерлері құрылғыны жеңіл әрі теле-тендік сақтауға қолайлы етіп жасаған. Компания балаларға арналған үлгілерін де шығаруды жоспарлап отыр.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай Бауыржанқызы –
Алматы қаласы
Салтан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәні ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.comЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4656
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,